

Теміржол көлігі туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 266 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Заңның тақырыбы мен бүкіл мәтіні бойынша "Темір жол", "темір жол", "темір жолдармен", "темір жолдың", "темір жолдар", "темір жолдарды", "темір жолдарға", "Темір жолдарды", "темір жолда", "темір жолдардың", "Темір жолдармен", "темір жолдарда", "темір жолдағы" деген сөздер тиісінше "Теміржол", "теміржол", "теміржолдармен", "теміржолдың", "теміржолдар", "теміржолдарды", "теміржолдарға", "Теміржолдарды", "теміржолда", "теміржолдардың", "Теміржолдармен", "теміржолдарда", "теміржолдағы" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Заң теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж және почта жөнелтілімдерін тасымалдарын жүзеге асыру кезіндегі тасымалдаушылар, теміржол көлігі ұйымдары, мемлекеттік органдар, жолаушылар, жөнелтушілер, алушылар, жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, басқа да жеке және заңды тұлғалар арасындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ескерту. Мәтініндегі "почта", "почтаны" деген сөздер тиісінше "почта жөнелтілімдерін", "почта жөнелтілімдері" деген сөздермен; "темір жол көлігі ұйымдарымен", "темір жол көлігі ұйымы", "темір жол көлігі ұйымдарын", "темір жол көлігі ұйымдары" деген сөздер тиісінше "тасымал процесіне қатысушылармен", "тасымал процесіне қатысушы", "тасымал процесіне қатысушыларды", "тасымал процесіне қатысушылар" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 2004.07.09. № 596 Заңымен.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) авария – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың нәтижесінде адамның денсаулығына ауыр зиян келтірілу және (немесе) жылжымалы құрамның күрделі жөндеу көлемінде зақымдалу жағдайлары;

1-1) алушы – багажды, жүк-багажды немесе пошта жөнелтілімдерін алатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

1-2) апат – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, солардың нәтижесінде адамның қаза болу және (немесе) жылжымалы құрамның мұқаммалдан шығарып тасталатын дәрежеге дейін зақымдалу жағдайлары;

2) арнайы жылжымалы құрам – магистральдық теміржол желісін және кірме жолдарды күтіп ұстау, оларға қызмет көрсету, қалпына келтіру және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін теміржол көлігі құралдары;

3) арнаулы тасымалдар – уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекет мұқтажына арналған арнаулы жүктерді және жолаушылардың жекелеген санаттарын тасымалдау;

4) әлеуметтік мәні бар жолаушы қатынастары – әлеуметтік мәнін:

облысаралық қатынастарда – уәкілетті орган;

ауданаралық (облысішілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастарда жергілікті өкілді және атқарушы органдар айқындайтын қатынастар;

4-1) әскерилендірілген теміржол күзеті (бұдан әрі – әскерилендірілген күзет) – акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке немесе Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, жүктерді және тасымалдау процесінде пайдаланылатын теміржол көлігі объектілерін күзету жөніндегі қызметтерді көрсететін заңды тұлға;

5) багаж – жолаушылар немесе почта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған, салмағы екі жүз килограмнан аспайтын мүлік;

6) бекіту-пломбалау құрылғылары – вагонмен, контейнермен тасымалданатын жүкке қол жеткізілуіне жол бермеу үшін қолданылатын блок қою құрылғыларымен біртұтас конструкцияда орналастырылған бақылау элементтері;

7) билет кассасы – оларда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жол жүру құжаттарын (билеттер) сату жөнінде қызмет көрсетілетін, теміржол вокзалдарында және осы ғимараттардан тыс жерлерде орналасқан жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату пункттері;

8) вагон – теміржолдармен тасымалдауға арналған өздігінен жүрмейтін тіркемелі көлік құралы;

8-1) вагондарды беру-алып кету – маневрлік локомотивпен вагондардың:

станциялық жолдардан – тиеу, түсіру (жүктен босату) орындарына, кірме жолдарға;

кірме жолдарда – контрагенттің қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдары мен тиеу, түсіру (жүктен босату) орындары арасында орнын ауыстыру;

9) вагондар (контейнерлер) операторы – вагондарды (контейнерлерді) меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленуші және (немесе) тасымалдаушымен жасалған шарт негізінде вагондар (контейнерлер) операторы қызметін көрсету жолымен тасымалдау процесіне қатысатын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

10) вагондар (контейнерлер) операторының қызметтері – уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шарт негізінде вагондармен (контейнерлермен) қамтамасыз ету, бөлу және вагондар (контейнерлер) қозғалысын басқару жөніндегі қызметтер;

10-1) вокзал маңындағы аумақ – теміржол вокзалына кіреберіс және кірме жолдар, қоғамдық және жеке көліктің аялдама пункттері, қойылатын орындар, автомобиль тұрақтары, абаттандыру элементтері бар теміржол вокзалына іргелес жатқан аумақ;

11) габариті ірі (габариттен тыс) жүк – теміржолдың тікелей көлбеу учаскесіндегі ашық жылжымалы құрамда орналастырған кезде габариті жүк тиеу габаритінің ернеуінен сыймай асып тұрған немесе оның геометриялық қиықтағы дөңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген есептелген нормативтерден асып кеткен жүк;

11-1) диспетчерлік реттеу – нақты уақыт режимінде тасымалдау процесінің операцияларын басқару және олардың мониторингі процесі;

11-2) ерекше маңызды тасымалдар – Қазақстан Республикасының күзетілетін адамдарын теміржолмен тасымалдау кезінде теміржол жылжымалы құрамымен тасымалдауға, сондай-ақ олардың жүру маршруттарына (қатынастарына) уәкілетті орган беретін мәртебе;

12) жолаушы – жол жүру құжаты (билеті) бар және поезбен жол жүретін жеке тұлға ;

13) жолаушы агенттігі – тасымалдаушымен шарттың негізінде жол жүру құжаттарын (билеттерін) ресімдеуге қойылатын талаптардың орындалуын қамтамасыз ететін, өзінің сату пункттері арқылы жол жүру құжаттарын (билеттерін) сату жөнінде қызмет көрсететін тұлға;

13-1) жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторы – жолаушылар тасымалдары үшін пайдаланылатын тартқыш көлік құралын (локомотивті) меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін, оны күтіп-ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға;

14) жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесі – жолаушылар тасымалын басқару және орындарды электронды резервке сақтау жүйесі;

15) жол дамытылымы – магистральдық, станция жолдарының, оларды өзара біріктіретін бағыттамалы бұрмалардың, станция мен кірме жолдардың шегінде орналасқан техникалық құралдар мен құрылғылардың жиынтығы;

16) жөнелтуші – багажды, жүк-багажды немесе почта жөнелтілімдерін жөнелтетін және тасымалдау құжаттарында көрсетілген тұлға;

17) жүк – тасымалдау шарты ресімделе отырып тасымалдауға қабылданған мүлік, оның ішінде бос меншікті вагон (контейнер);

18) жүк алушы – тасымалдау құжаттарында көрсетілген және жүкті алушы тұлға;

19) жүк-багаж – жолаушылар мен почта-багаж поезында тасымалдауға қабылданған , салмағы екі жүз килограмнан артық мүлік;

20) жүк жөнелтуші – тасымалдау құжаттарында көрсетілген және жүкті жөнелтуші тұлға;

21) жүк жөнелтілімі – бір теміржол көлігі жүкқұжатымен тасымалдауға ұсынылатын жүк партиясы;

22) жүк терминалы – жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға қызметтер кешенін ұсынуға және аралас тасымалдауды жүзеге асыруға арналған кірме жолдағы құрылыстар мен техникалық құралдар кешені;

22-1) жүк транзиті – жүкті бір елден екінші елге Қазақстан Республикасының аумағы арқылы тасымалдау, ол процесте мынадай бір немесе бірнеше операция: жүктің тоқтап тұруы, оны қайта тиеу, қоймаға қою, бөлшектеу, жүктің орындарын, массасын, санын және көлік түрін өзгерту орындала отырып, жүк Қазақстан Республикасының теміржол станциясына келеді және (немесе) теміржол станциясынан Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кетеді;

23) жылжымалы құрам – жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды, пошта жөнелтілімдерін теміржолдармен тасымалдауға арналған тартқыш көлік құралдары (локомотивтер), вагондар, өздігінен жүретін және өзге де теміржол көлік құралдары, сондай-ақ арнайы жылжымалы құрам;

23-1) инфрақұрылым учаскесінің өткізу қабілеті – инфрақұрылымның, жылжымалы составтың техникалық және технологиялық мүмкіндіктеріне және әртүрлі санаттардағы поездарды өткізуді ескере отырып, поездардың қозғалысын ұйымдастыру тәсілдеріне қарай, есепті уақыт кезеңі (тәулік) ішінде инфрақұрылым учаскесі бойынша өткізілуі мүмкін поездар мен поезд жұптарының ең жоғары саны;

24) контейнер – жүктерді тасымалдауға арналған көп мәрте қолданылатын әмбебап көлік жабдығы;

25) контрагент – рельс бойындағы қоймаларға, жүк сақталатын алаңдарға, тиеу-түсіру механизмдеріне және (немесе) басқа тармақ иеленушінің кірме жолдарына жалғасатын кірме жолдарға меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иелік ететін немесе кірме жолдар қызметтерін пайдаланатын тұлға;

26) алып тасталды - ҚР 31.10.2015 № 380-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

27) алып тасталды - ҚР 31.10.2015 № 380-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

28) алып тасталды - ҚР 31.10.2015 № 380-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

29) кірме жолдар – жүк жөнелтушілерге, жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған және тікелей немесе басқа да кірме жолдар арқылы магистральдық және (немесе) станциялық жолдарға жалғасатын теміржолдар;

30) кірме жолдар қызметтері – тармақ иеленушінің кірме жолдарды пайдалануға беру жөніндегі немесе оның жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға көрсететін қызметтері;

31) қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдары – қабылдау-тапсыру операцияларын орындау үшін станция немесе кірме жол шегінде вагондарды теміржолдарға шығару-жинау шартында белгіленген теміржолдар;

32) қабылдау-тапсыру операциялары – жүктерді, вагондарды, контейнерлерді қабылдау (тапсыру) кезінде орындалатын, белгіленген тәртіппен құжаттық ресімделген іс-әрекеттер;

32-1) қауіпсіздік сертификаты – тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкестігін куәландыратын құжат;

32-2) қауіпсіздікті басқару жүйесі – операцияларды жоспарлау, дайындау және орындау, мониторинг, бақылау, талдау процестерін қамтитын және тасымалдау процесінің қауіпсіздігі жөнінде белгіленген талаптардың орындалуын қамтамасыз етуге және адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіру, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіру тәуекелдерін азайтуға бағытталған, тасымалдаушыны басқарудың өзара байланысты және өзара іс-қимыл жасаушы құрауыштарының жиынтығы;

32-3) қауіпсіздікті басқару жүйесінің аудиті – қауіпсіздікті басқару жүйесінің теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкестігін диагностикалаудың және бағалаудың жүйелі процесі;

33) қауіпті жүктер – өздеріне тән қасиеттеріне байланысты адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауруға шалдығуына, жарылысқа, өртке, мүліктердің бұзылуына немесе жойылуына себеп болуы, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүктер;

34) қол жүгі – жолаушының вагонда өзімен бірге ақысыз тасымалдайтын, салмағы мен габариті бойынша белгіленген мөлшерден аспайтын жеке заттары;

35) локомотив инфрақұрылымының объектілері – тартқыш жылжымалы құрамды пайдалануды әрі жарақтандыруды қамтамасыз етуге және локомотив бригадаларына қызмет көрсетуге арналған объектілер;

36) локомотив инфрақұрылымының операторы – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде локомотив инфрақұрылымының объектілеріне иелік ететін және локомотивтік тартқыш операторларына қызмет көрсететін тұлға;

37) локомотивтік тартқыш операторы – жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторын қоспағанда, тартқыш көлік құралын (локомотивті) меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде иеленетін, оны күтіп-ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін тұлға;

38) локомотивтік тартқыш қызметтері – теміржолдар бойынша тартқыш көлік құралымен (локомотивпен) жылжымалы құрамның орнын ауыстыру жөнінде көрсетілетін қызметтер;

39) магистральдық жолдар – Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында теміржол көлігінің жұмыс істеуіне және басқа мемлекеттермен теміржол қатынасын қамтамасыз етуге арналған, басты жолдардан (теміржол станциялары арасындағы аралық жолдардан, іргелес жатқан аралық жолдардың тікелей жалғасы болып табылатын, станциялар шекараларындағы және әдеттегідей, бағыттамалық бұрмаларда ауытқуы жоқ жолдар), сондай-ақ қабылдау-жөнелту жолдарынан (станция шекараларында поездарды қабылдауға, жөнелтуге, басып озуға, айыруға және өткізуге арналған жолдар) тұратын теміржолдар;

40) магистральдық теміржол желісі – халықаралық және республикаішілік теміржол қатынастарын қамтамасыз ететін, өзара жалғасқан магистральдық және станциялық жолдар, сондай-ақ электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, сигнал беру, байланыс объектілері, құрылғылар, жабдықтар, үйлер, құрылыстар, ғимараттар, вокзалдар және олардың жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті өзге де объектілер жүйесі;

41) магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтері – поездарды өткізу мен олардың қозғалысы үшін магистральдық теміржол желісін пайдаланумен байланысты, Ұлттық инфрақұрылым операторы тасымалдаушыларға көрсететін қызметтер;

42) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

43) маневрлік жұмыс – вагондарды өңдеу, сұрыптау, тарқату, тиеуге, түсіруге, жөндеу жолына (жолынан), салмағын өлшеуге әкелу-әкету, поездарды құрастыру, тарқату кезінде олардың орнын ауыстыру, жылжымалы құрамды бір жолдан басқасына ауыстырып қою, локомотивтердің станция шегіндегі қозғалысы, арнайы жылжымалы құрамның, тартқыш көлік құралдарының (локомотивтер немесе моторвагондық жылжымалы құрамдардың) орнын ауыстыру;

43-1) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдар – мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша салынған және пайдаланылатын және магистральдық теміржол желісіне енгізілмеген теміржолдар;

43-2) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері – мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша салынған және пайдаланылатын және магистральдық теміржол желісіне енгізілмеген объектілер;

43-3) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтері – мемлекеттік-жекешелік

әріптестік шарттары бойынша салынған және пайдаланылатын, теміржол көлігі объектілері бар теміржолдарды пайдалануға беру және олар бойынша жылжымалы құрамды өткізуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер;

43-4) оқиға – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда жылжымалы құрамның соқтығысу, рельстен шығып кету, сондай-ақ жылжымалы құрамның бағдаршамның тыйым салатын сигналына өтіп кету не поезды қабылдау-жөнелту маршрутына кетіп қалу, бірақ апат немесе авария салдары жоқ жағдайлары;

43-5) оқиға – теміржолдарда немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда апатқа, аварияға және оқиғаға әкеп соқпаған, тізбесі теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалған жол жүрісі қауіпсіздігінің бұзылу жағдайлары;

44) пайдалану құжаттамасы – инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын пайдалану тәртібін көздейтін құжаттама;

45) поезд - Ұлттық инфрақұрылым операторы айқындаған маршрут бойынша жүретін, белгіленген сигналдары бар, жұмыс істеп тұрған бір немесе бірнеше тартқыш көлік құралдары (локомотивтері немесе моторлы-вагонды жылжымалы құрамдары) бар, құралған және тіркелген вагондар құрамы, вагонсыз локомотивтер, моторлы вагондар және арнайы өздігінен жүретін жылжымалы құрам;

45-1) поездарды қалыптастыру жоспары – тасымалдаушылардың поездарды қалыптастыру жоспарының жобалары негізінде ұлттық инфрақұрылым операторы бекіткен, оның ішінде магистральдық теміржол желісі учаскелерінің өткізу қабілеті мен станциялардың өңдеу қабілеті ескеріле отырып, теміржол станцияларында қалыптастырылатын, поездардың санаты мен бағытын белгілейтін құжат;

46) салмағы ауыр жүк – массасы мен ұзындығы немесе вагонның жақтауына (еденіне) жүктемесі жүктерді тиеу мен бекітудің техникалық шарттарында белгіленген, әмбебап жылжымалы құрамда тасымалдау кезінде рұқсат етілетін шамадан асатын жүк;

47) станциялық жолдар – станциялар шекараларындағы теміржолдар: станциялар шекараларындағы магистральдық жолдарды қоспағанда, сұрыптау, тиеу-түсіру, тартымдық, деполық, жалғастырғыш, арнайы теміржолдар;

48) тармақ иеленуші – меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде теміржолдың кірме жолдарын иеленуші тұлға;

49) тасымалдау – жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін, жүктерді жөнелту пунктінен межеленген пунктке апару;

49-1) тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы – жолаушы, жүк жөнелтуші (жөнелтуші), жүк қабылдаушы (қабылдаушы), экспедитор;

50) тасымалдауға болатын мерзім – тез бүлінетін багаждың, жүктің, жүк-багаждың сертификатта (сапалық куәлікте) көрсетілген деректер негізге алынып, жолда болуының ықтимал шекті мерзімі;

51) тасымалдау қағидалары – тасымалдау процесінің барлық қатысушыларының қызметін және өзара қатынастарын реттейтін нормативтік құқықтық актілер;

52) тасымалдау құжаттары – ресімделуі арқылы тасымалдау шарты жасалатын құжаттар (жол жүру құжаты (билет), багаж бен жүк-багаж түбіртегі, теміржол көлігі жүкқұжаты);

53) тасымалдау процесі – теміржол көлігімен тасымалдауды дайындау, жүзеге асыру және аяқтау кезінде орындалатын ұйымдастырушылық және технологиялық тұрғыдан өзара байланысты операциялар жиынтығы;

54) тасымалдау процесіне қатысушы – тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтерді пайдаланушы, тасымалдаушы, Ұлттық инфрақұрылым операторы, локомотивтік тартқыш операторы, жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторы, вагондар (контейнерлер) операторы, тармақ иеленуші, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарды иеленуші;

54-1) тасымалдау процесінің қауіпсіздігі (бұдан әрі – қозғалыс қауіпсіздігі) – қауіпті фактордың іске асу ықтималдығы мен оның салдарларының ауырлық дәрежесінің ұштасуын ескере отырып, адам өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруге, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге байланысты, тасымалдау процесі операцияларын орындау кезінде жол берілмейтін қатердің болмауы;

54-2) тасымалдаушы – жүктерді немесе жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын және тасымалдау құжаттарында көрсетілген, тартқыш көлік құралдарын қоса алғанда, меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде жылжымалы құрамды иеленетін тұлға;

55) тез бүлінетін багаж, жүк, жүк-багаж – жарамдылық мерзімі шектеулі және тасымалдау мен сақтаудың ерекше жағдайын талап ететін багаж, жүк, жүк-багаж;

55-1) теміржол вокзалының класы – теміржол вокзалының орындалатын жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) көлеміне және техникалық жарақтандырылуына қарай айқындалған мәртебесі;

56) теміржол вокзалы – класына қарай халыққа теміржол көлігімен тасымалдау және багажды, жүк-багажды қабылдау-беру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған үйлердің, ғимараттардың (жолаушы платформаларын, вокзал өтпелерін және вокзал маңындағы аумақты қоса алғанда) және басқа да мүлік түрлерінің кешені;

57) теміржолдар – жылжымалы құрамның жүруі жүзеге асырылатын жылжымайтын мүлік объектілері (магистральдық, станциялық, кірме жолдар);

58) теміржол көлігі – теміржолдармен тасымалдауды қамтамасыз ететін көлік түрі;

59) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

60) теміржол көлігінің қорғалатын аймақтары – тасымалдау қауіпсіздігін, теміржол көлігі құрылыстарының, құрылғыларының және басқа объектілерінің сақталуын, төзімділігі мен беріктігін қамтамасыз ету үшін қажетті жер учаскелері;

60-1) теміржол көлігінің көмекші қызметі – тасымалдау процесінің қатысушысы болып табылмайтын және инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, оларға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және кәдеге жарату бойынша қызметтер көрсететін жеке немесе заңды тұлға;

61) теміржол қатынасы – жөнелту және межелі пункттер арасында теміржол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау;

62) теміржол станциясы – поездар қозғалысын реттеуді, өткізу қабілетін қамтамасыз ететін және оларды қабылдау, жөнелту және (немесе) тоғыстыру, басып озу жөніндегі, жолаушыларға қызмет көрсету, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді қабылдау, беру жөніндегі операцияларды, сондай-ақ маневрлік жұмысты жүргізуге мүмкіндік беретін жол дамытылымы бар, магистральдық жолдарды учаскелерге бөлетін пункт;

62-1) 01.01.2022 дейін қолданыста болды - ҚР 27.12.2019 № 295-VI Заңымен.

62-2) 01.01.2024 дейін қолданыста болды – ҚР 29.12.2022 № 174-VII Заңымен.

63) уәкілетті орган – теміржол көлігі саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

64) Ұлттық жолаушылар тасымалдаушы – жолаушыларды, багажды, жүк-багажын, пошта жөнелтілімдерін тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдаулар бойынша қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

64-1) Ұлттық жүк тасымалдаушы – жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсететін, оның ішінде арнайы және әскери тасымалдауларды орындайтын, бүкіл магистральдық теміржол желісінде поездарды қалыптастыру жоспарын іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлға;

64-2) Ұлттық инфрақұрылым операторы – акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке немесе Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі, магистральдық теміржол желісін пайдалануды, күтіп-ұстауды, жаңғыртуды, салуды жүзеге асыратын және магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсететін, сондай-ақ әскери тасымалдарды бірінші кезекте қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

65) Ұлттық теміржол компаниясы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке тиесілі, дамудың жалпы бағыттарын айқындайтын және Ұлттық инфрақұрылым операторы, ұлттық тасымалдаушылар және теміржол көлігі саласында қызметін жүзеге асыратын өзге де үлестес заңды тұлғалар қызметінің бағыттарын, оның ішінде әскери тасымалдарды жан-жақты қамтамасыз ету бойынша үйлестіруді қамтамасыз ететін акционерлік қоғам;

66) экспедитор – тасымалдау құжаттарында көлік экспедициясы шартының негізінде тасымалдаудың төлеушісі ретінде көрсетілуі мүмкін, жүк тасымалдауларын ұйымдастыру жөнінде қызметтер көрсететін тұлға.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 538 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.12.2015 № 435-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Теміржол көлігінің мемлекеттік саясаты және жұмыс істеу қағидаттары

Ескерту. 2-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Теміржол көлігінің жұмыс істеуі мынадай қағидаттар:

1) Қазақстан Республикасының бірыңғай әлеуметтік-экономикалық кеңістігін сақтау және нығайту;

2) Қазақстан Республикасының бірыңғай көлік жүйесінің жұмыс істеуінің келісімділігі;

3) теміржол көлігі инфрақұрылымының тұтастығын және іркіліссіз жұмыс істеуін сақтау;

4) тасымалдау процесінің қауіпсіздігін, үздіксіздігін және іркіліссіздігін қамтамасыз ету;

5) көлік нарығының барлық субъектілерінің теміржол көлігі қызметтерін ұсынуға және алуға еркін қол жеткізуі;

6) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін қорғау;

7) тасымалдаулардың барлық қатысушылары үшін құқықтық және экономикалық кепілдіктердің бірыңғай стандартын қолдану негізінде жүзеге асырылады.

2. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясат халық пен мемлекеттің тасымалдауларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары:

1) теміржол көлігінің магистралдық теміржол желісін және жылжымалы құрамын дамыту;

2) тасымалдарды дамыту;

3) адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін теміржол көлігі мен оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес теміржол көлігінде тариф, салық және кеден саясатын жүзеге асыру;

5) теміржол көлігінде кәсіпкерлікті дамыту және оған жеке инвестицияларды тарту үшін жағдайлар жасау және мемлекеттік органдардың шаруашылық қызметке заңсыз араласуына жол бермеу;

6) бәсекелестікті дамыту, соның ішінде халықаралық тасымалдар саласындағы бәсекелестікті дамыту;

7) магистралдық теміржол желісінің бірыңғай мүліктік кешенін сақтау;

8) қоршаған ортаны қорғау;

9) теміржол көлігін жұмылдыру дайындығында ұстап тұру;

10) теміржол көлігінің қажеттері үшін импортты алмастыратын өндірісті дамытуға жәрдемдесу;

11) транзиттік және халықаралық тасымалдауларды кеңейту;

12) мемлекет, тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметі мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету;

13) көлік-логистика жүйесін дамыту және теміржолдар бойынша жүктердің көлік ағындарын арттыру болып табылады.

3. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру уәкілетті органға және өз құзыретіне сәйкес өзге де мемлекеттік органдарға жүктеледі.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2006.12.29 № 209, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.10.2015 № 376-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Теміржол көлігінде жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж және почта жөнелтілімдерін тасымалын ұйымдастыру негіздері

1. Теміржол көлігімен жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж және пошта жөнелтілімдерін тасымалдау уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және шарттарда жүзеге асырылады.

1-1. Тасымалдау процесіне қатысушылар жасалатын шарттарға, тасымалдау қағидаларына, инфрақұрылымдық қызметтерге қол жеткізу және оларды көрсету қағидаларына, осы Заңға, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес тасымалдау процесі операцияларын жоспарлайды, ұйымдастырады және орындайды.

2. Тасымалдаушы осы Заңда және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделгеннен басқа жағдайларда, ақысын төлеген және жол жүру немесе багаж, жүк, жүк-багаж және почта жөнелтілімдерін тасымалдарына арналған тасымалдау құжаттарын дұрыс ресімдеген қызмет пайдаланушыларға тасымал жасаудан бас тартуға құқығы жоқ.

3. Өзінің жылжымалы құрамы жоқ тасымалдау процесіне қатысушылар шарттың негізінде локомотивтік тартқыш операторының, жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының және вагондар (контейнерлер) операторының көрсетілетін қызметтерін пайдаланады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

4-бап. Теміржол көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Теміржол көлігі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

2-1. Халықаралық теміржол қатынасы кезінде құжаттарды ресімдеу халықаралық жолаушылар және жүк теміржол қатынастарында теміржол ынтымақтастығы саласындағы шарттарға (келісімдерге) сәйкес жүзеге асырылады.

3. Әскери және арнайы тасымалдарды ұйымдастыру, қамтамасыз ету және орындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.12.2013 № 152-V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Теміржол көлігінің ортақ және жеке пайдаланылатын объектілері

1. Магистральдық теміржол желісі жекешелендіруге жатпайды және кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына беріле отырып, Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Мемлекет меншігіндегі магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілері кейіннен Ұлттық инфрақұрылым операторына беріле отырып, Ұлттық теміржол компаниясына беру үшін уәкілетті орган белгілейтін шарттарда және тәртіппен ұлттық басқарушы холдингке беріледі.

Кірме жолдың жылжымалы құрамды бір жолдан екінші жолға ауыстыруға арналған құрылысжайлары, құрылғылары мен элементтері кірме жолдың бөлінбейтін бөлігі болып табылады.

2. Магистральдық теміржол желісіне жатпайтын теміржолдар жеке пайдалану объектілері бола алады және жеке меншікте, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары негізінде жеке меншікте бола алады.

3. Жекеше әріптеске мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарға және теміржол көлігі объектілеріне мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының қолданылу мерзімінде иелену мен пайдалану құқығы беріледі.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдар және теміржол көлігі объектілері мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін магистральдық теміржол желісінің құрамына енгізілмейді.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 2004.07.09. № 596, 2006.07.07. № 168, 2008.07.05. № 66-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.03.01 № 414 -IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.01.12 № 538 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 № 352-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-1-бап. Теміржолдарды сыныптау

Теміржолдарды сыныптау тәртібін уәкілетті орган жолаушы және жүк поездары қозғалысының жүк сыйымдылығы мен рұқсат етілетін ең жоғары жылдамдықтарының үйлесімділігіне қарай айқындайды.

Ескерту. Заң 5-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-2-бап. Ұлттық теміржол компаниясы мен магистральдық теміржол желісін басқару ерекшеліктері

1. Ұлттық инфрақұрылым операторына берілген магистральдық теміржол желісін, сондай-ақ Ұлттық инфрақұрылым операторының акцияларын жеке және (немесе) заңды тұлғаларға иеліктен шығаруға, оған үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салуға тыйым салынады.

2. Ұлттық басқарушы холдингке нәтижесінде Ұлттық теміржол компаниясының тоқсан пайыздан кем плюс бір дауыс беретін акциясы ұлттық басқарушы холдингке тиесілі болатын осы Ұлттық теміржол компаниясының акцияларын иеліктен шығаруға тыйым салынады.

Ескерту. 1-тарау 5-2-баппен толықтырылды - ҚР 02.07.2014 № 225-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Магистралдық теміржол желісі

1. Тасымалдаушылар магистральдық теміржол желісі бойынша тасымалдауларды Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

2. Тасымалдаушы магистралдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтері үшін Ұлттық инфрақұрылым операторына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерде ақы төлейді.

3. Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізу құқығын Ұлттық инфрақұрылым операторы береді.

Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне кемсітушіліксіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге және тасымалдаушыларға магистральдық теміржол желісін пайдалануға тең құқық беруге міндетті.

Магистральдық теміржол желісінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен айқындалады.

4. Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық теміржол желісін пайдалануды , күтіп-ұстауды және жаңғыртуды, салуды жүзеге асырады.

Жаңа магистральдық жолдар салу уәкілетті органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-1-бап. Магистралдық теміржол желісін пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелерді бұзғаны үшін жауаптылық

Магистралдық теміржол желісін пайдалану кезінде туындайтын міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, Магистралдық теміржол желісін пайдалану қағидасында, сондай-ақ осылардың негізінде жасалатын шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауаптылықта болады.

Ескерту. 6-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.07.09 № 596 Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-2-бап. Теміржол қатынастарының түрлері

1. Теміржол қатынастары мынадай түрлерге:

- 1) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау;
- 2) жүк тасымалдау болып бөлінеді.

2. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында немесе Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен тасымалдау;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі станциялар арасындағы тасымалдаулар болып бөлінеді.

3. Әкімшілік-аумақтық белгісі бойынша республикаішілік жолаушылар мен жүк тасымалдау:

1) облысаралық – әртүрлі облыстардағы жөнелту және межелі станциялар арасында жүзеге асырылатын немесе республикалық маңызы бар қалалармен, астанамен елді мекендерді жалғастыратын тасымалдау;

2) ауданаралық (облысішілік қаларалық) – бір облыс шегіндегі жөнелту және межелі станциялар арасындағы тасымалдау;

3) қала маңындағы – тиісті аумақтарда қала маңындағы аймақтардың бекітілген шекаралары шегінде қаланы елді мекенмен жалғастыратын маршруттар бойынша тасымалдаулар болып бөлінеді.

4. Жүктерді тасымалдау:

1) халықаралық – Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасындағы тасымалдар немесе жүк транзиті;

2) республикаішілік – Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі теміржол станциялары арасындағы тасымалдау болып бөлінеді.

Ескерту. Заң 6-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

7-бап. Теміржол қатынасын тоқтату

Мемлекеттік меншік болып табылатын теміржолдар арқылы теміржол қатынасын тоқтатуды уәкілетті орган белгілеген тәртіппен уәкілетті орган жүзеге асырады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-бап. Теміржол көлігіндегі шарттар

1. Тасымалдау шарттарының міндетті талаптары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және соларға сәйкес шығарылған тасымалдау ережелерінде белгіленеді. Тараптар тасымалдау шарттарының өзге де талаптарын белгілеуге ерікті.

2. Жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясының, жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының және тасымалдаушылардың мемлекеттік басқару органдарымен өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шарттардың талаптарымен жүзеге асырылады.

2-1. Вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған шарттар уәкілетті орган бекітетін үлгілік шарт негізінде жазбаша түрде жасалады.

2-2. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған шарттар жазбаша нысанда жасалады. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған шарттар уәкілетті орган бекітетін үлгілік шарт негізінде жазбаша нысанда жасалады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген шарттың заңнамаға сәйкес бұзылуы жағдайында уәкілетті орган мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын және кредиттік қаражатты қайтару мен жолаушылар вагондарын сатып алуға берілетін қаржылық лизингті төлеу міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ететін жаңа тасымалдаушыны айқындай алады.

Осы тармақтың екінші абзацында көрсетілген тасымалдаушыны айқындау тәртібі шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша теміржол жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларында белгіленеді.

2-3. Уәкілетті орган және (немесе) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары мынадай міндеттемелер бойынша шарттар жасаса алады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау;

3) осы баптың 2-2-тармағының екінші бөлігінде аталған тасымалдаушыны айқындау;

4) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында көзделген басқа да міндеттемелер.

2-4. Магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған шарттар уәкілетті орган бекітетін үлгілік шарт негізінде жазбаша нысанда жасалады.

Магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Тасымалдаушы өздерінің құзыретіне сәйкес мәлімделген ерекше маңызды тасымалдарды жүзеге асыру туралы мемлекеттік органдардың жазбаша нұсқауларын (шешімдерін) орындауға міндетті. Тиісті нұсқауларда (шешімдерде) осындай тасымалдар үшін есеп айырысу тәртібі мен мерзімдері туралы мәліметтер болуға тиіс.

4. Теміржол көлігімен халықаралық қатынаста және транзитпен жолаушыларды, багажды, жүкті және жүк-багажды тасымалдау Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдер, шарттар (келісімшарттар) шеңберінде жүзеге асырылатын, Қазақстан Республикасының аумағымен, оның ішінде транзитпен және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге әскери тасымалдарды акцияларының бақылау пакеті Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі заңды тұлға (экспедитор) орындайды.

5. Локомотивтік тартқыш операторы шарттар негізінде және уәкілетті орган белгілеген тәртіппен локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетеді.

Локомотивтік тартқыш операторы шартқа сәйкес локомотивтік инфрақұрылым операторының қызметтерін пайдаланады.

Локомотивтік тартқыш операторы бірінші кезекте арнайы және әскери тасымалдарды орындау үшін ұлттық тасымалдаушыларға локомотивтік тартқыш көрсететін қызметтерді ұсынуға міндетті.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 494-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

9-бап. Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау

Жылжымалы құрам және жылжымалы құрамның кепілі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен міндетті мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) жатады.

Жылжымалы құрамды және оның кепілін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) үшін " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) айқындалатын тәртіппен және мөлшерде алым алынады.

Мемлекеттік тіркеуден (қайта тіркеуден) өткен жылжымалы құрам Мемлекеттік жылжымалы құрам тізіліміне енгізуге жатады. Мемлекеттік жылжымалы құрам тізілімінен алып тастау уәкілетті орган айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-бап. Лицензиялау

Ескерту. 10-бап алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-бап. Сәйкестікті растау

1. Теміржол көлігінің қызметіне жататын өнімдердің сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Шет мемлекет берген сәйкестікті растау саласындағы құжат мемлекеттік техникалық реттеу жүйесінде Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасына сәйкес танылған жағдайда, ол Қазақстан Республикасында жарамды болып саналады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.29 № 209 Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Тарифтер және ақы төлеу

1. Ұлттық инфрақұрылым операторының көрсетілетін қызметтері мен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржол көлігі объектілері бар теміржолдардың көрсетілетін қызметтерінің бағалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

2. Уәкілетті орган әлеуметтік маңызы бар облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін белгілейді. Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысшілік қалааралық) және қала маңындағы қатынастарда жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін белгілейді.

2-1. Әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша барлық жүру жолында жолаушылар тасымалы бойынша қызметтер көрсететін тасымалдаушының шығыстары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.

2-2. Вагондарды, локомотивтерді сатып алуға және теміржолдарды жаңғыртуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелері Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес кредиттеудің немесе қаржы лизингінің бүкіл мерзіміне бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.

3. Халықаралық қатынаста тарифті (тасымалдау ақысын) қолдану ережесі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленеді.

4. 01.01.2022 дейін қолданыста болды - ҚР 27.12.2019 № 295-VI Заңымен.

5. Уақытша теңгерімдеу төлемақысын тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган локомотивтік тартқыштың көрсетілетін қызметтеріне бағалардың шекті деңгейлерін қалыптастыру кезінде белгілейді және ол:

1) жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторына;

2) Ұлттық инфрақұрылым операторына жіберіледі.

Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидаларын тиісті табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган уәкілетті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді.

Уақытша теңгерімдеу төлемақысын есептеу және төлеу қағидалары уақытша теңгерімдеу төлемақысын қалыптастыру кезінде есепке алынатын шығыстардың тізбесін қамтиды.

Ұлттық жүк тасымалдаушының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік қатынаста жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау жөніндегі қызметтен түсетін кірістері уақытша теңгерімдеу төлемақысының көзі болып табылады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 596 Заңымен (күшіне ену тәртібін Заңның 2-бабынан қараңыз), 2004.12.20. № 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.07.05. № 66-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 494-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.12.2019 № 295-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Тасымалдауға талап қою құқығын беру

Жүк жөнелтушіге байланысты себептер бойынша жүзеге асырылмаған (толық көлемінде жүзеге асырылмаған) тасымалға алдын ала ақы төленген жағдайда, жүк

жөнелтуші ақша қаражатын қайтарып алуға немесе тасымалдаушының келісімімен осы тасымалға талап ету құқығын басқаға беруге құқылы.

2-тарау. ТЕМІРЖОЛ КӨЛПІНДЕГІ БАСҚАРУ

14-бап. Теміржол көлігіндегі мемлекеттік басқару

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің теміржол көлігі саласындағы құзыретіне:
 - 1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 2) Ұлттық теміржол компаниясының мәртебесін белгілеу;
 - 3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 7) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 10) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 11) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 12) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 13) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 14) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 15) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жолаушылар қатынасына тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;
 - 15-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
 - 16) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

18) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

20) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

21) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22-1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22-2) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22-3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

22-4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

2. Уәкілетті органның құзыретіне:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 № 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2-1) ерекше маңызды тасымалдарды жүзеге асыру қағидаларын бекіту;

2-2) Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) багажды, жүкті және жүк-багажды тасымалдауды шектеу туралы, әкелуге, әкетуге, олардың транзитіне тыйым салу туралы шешімдер қабылдау;

3) магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық қажетті станция жолдарының, электрмен жабдықтау, сигнализация, байланыс объектілерінің, құрылғылардың, жабдықтардың, үйлердің, құрылыстардың, ғимараттардың және өзге де объектілердің тізбесін табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

4) Тасымалдау процесіне қатысушылардың өзара технологиялық іс-қимыл жасау қағидасын бекіту;

5) теміржол көлігінің жұмыс істеу, оларды бұзушылықты анықтау мен жолын кесу жөнінде шаралар қабылдау тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауын мемлекеттік бақылау;

6) жылжымалы құрамды мемлекеттік тіркеу тәртібін әзірлеу;

7) тасымалдауды ұйымдастыруға және (немесе) тасымалдауға байланысты қызметтерді орындауға жасалған шарттар бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету тәртібі мен шараларын белгілеу;

8) қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі сай келмейтін магистральдық теміржол желісінің, теміржолдар мен жылжымалы құрамның объектілерін пайдалануды тоқтата тұру және тоқтату;

9) теміржол көлігімен тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің тізбесін бекіту;

10) халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру;

11) алып тасталды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) теміржол көлігі қызметкерлерін кәсіби үздік белгісімен марапаттау тәртібін бекіту;

13) қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының бұзылуы туралы статистикалық ақпарат қалыптастыру;

14) өз құзыреті шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы мәселелерді қарау;

15) теміржол көлігінде сигнализация жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

16) экспедиторлар қызметін ұсыну тәртібін айқындау;

17) вагондар (контейнерлер) операторлары ұсынатын қызметтер тәртібін айқындау;

18) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсету тәртібін айқындау;

19) теміржолдарды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;

19-1) магистральдық, станциялық жолдарды және магистральдық теміржол желісінің өзге де объектілерін магистральдық, станциялық жолдар және магистральдық теміржол желісінің жұмыс істеуі үшін технологиялық тұрғыдан қажетті өзге де объектілер тізбесіне енгізу және одан алып тастау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

20) магистральдық теміржол желісінде көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

21) кірме жолдарда көрсетілетін қызметтерге кіретін операциялардың тізбесін табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісу бойынша бекіту;

22) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыныптау тізбесін бекіту;
23) поездардың қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

24) жылжымалы құрамның қызмет ету мерзімдерін ұзарту қағидаларын бекіту;

25) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

26) Қорғау аймақтары жерінің көлемін, оларды пайдалану режимін айқындау және бөлінген белдеуде теміржол көлігінің қажеті үшін жерді пайдалану жөніндегі қағиданы бекіту;

26-1) Қазақстан Республикасында теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) сатуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

27) теміржол өткелдерін техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;

28) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киімнің (погонсыз) үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және айырым белгілерін бекіту;

29) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы есептілікті есепке алуды жүргізу мен беру тәртібін бекіту;

30) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

31) Қазақстан Республикасының аумағында теміржол көлігіндегі апаттарды, аварияларды тергеп-тексеру;

31-1) Қазақстан Республикасының аумағында жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген теміржол көлігіндегі оқиғаларды тергеп-тексеру;

32) поездар қозғалысына байланысты қызметтік терминдерді бекіту;

33) жолаушы поездарының құрамындағы жылжымалы құрамды тіркеу және оның бағытпен жүруінің тәртібі мен шарттарын айқындау;

33-1) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

33-2) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар қозғалысындағы локомотивтік тартқыш операторының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

34) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

34-1) теміржол көлігіндегі табиғи монополия субъектілерінің шикізат пен материалдар, қосалқы бөлшектер, жабдықтар, отын, энергия шығыстарының,

техникалық ысыраптарының техникалық және технологиялық үлгілік нормаларын бекіту;

34-2) теміржол вокзалдарының тізбесін олардың класына сәйкес бекіту;

34-3) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша теміржол көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту;

34-4) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау кезінде әскерилендірілген күзетті қамтамасыз ету тәртібін айқындау;

34-5) әлеуметтік маңызы бар облысаралық жолаушылар қатынастарының тізбесін айқындау;

34-6) арнаулы тасымалдауларды жүзеге асыру тәртібін айқындау;

34-7) магистральдық теміржол желісіне кіретін магистральдық жолдардың тізбесін бекіту;

34-8) жеке және заңды тұлғалар қаражаты есебінен салынған объектілерді магистральдық теміржол желісі құрамына беру қағидаларын бекіту;

34-9) жолаушыларды облысаралық және халықаралық қатынастарда тасымалдауды ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

34-10) магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларын бекіту;

34-11) теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларын бекіту;

34-12) теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларын бекіту;

34-13) теміржол көлігімен жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту;

34-14) алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

34-15) жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;

34-16) жол жүру құжаттарын (билеттерін) сатуды ұйымдастыру кезінде жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйесіне қол жеткізу және технологиялық өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;

34-17) теміржол көлігінің қауіптілігі жоғары аймақтарында жолаушылардың, азаматтардың болуы және объектілерді орналастыру, оларда жұмыс жүргізу, теміржолдар арқылы жүріп өту және өту қағидаларын бекіту;

34-18) шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурс өткізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34-19) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34-20) теміржол вокзалдары қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту;

34-21) теміржол вокзалдарының класын айқындау әдістемесін бекіту;

34-22) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалы бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалардың (тарифтердің) шекті деңгейлерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

34-23) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

34-24) теміржол көлігіндегі техникалық реттеу объектілерінің және оның тіршілік циклінің процестерінің техникалық регламенттерін бекіту;

34-25) тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Ұлттық теміржол компаниясы мен тасымалдаушылардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

34-26) әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзімді субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

34-27) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34-28) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

34-29) вагондар мен локомотивтерді сатып алуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақының мөлшерлемелерін субсидиялау;

34-30) Мемлекеттік жылжымалы состав тізілімін жүргізу;

34-31) құзыреті шегінде стандарттау жөніндегі құжаттардың жобаларын қарау, сондай-ақ стандарттау саласындағы уәкілетті органға енгізу үшін ұлттық, мемлекетаралық стандарттарды, ұлттық техникалық-экономикалық ақпарат сыныптауыштарын және стандарттау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу, өзгерістер енгізу, қайта қарау және күшін жою жөнінде ұсыныстар дайындау;

34-32) қауіпсіздік сертификатын беру;

34-33) жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын бекіту;

34-34) теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларын бекіту;

34-35) қауіпсіздік сертификатының нысанын бекіту;

34-36) кірме жолдар мен жанасу станциялары жұмысының бірыңғай технологиялық процестерін әзірлеу қағидаларын бекіту;

34-37) тасымалдаушы мен экспедитор арасындағы жүктерді теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру туралы үлгілік шарттарды бекіту;

34-38) жасанды құрылысжайларды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;

34-39) жылжымалы құрамды техникалық пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу қағидаларын бекіту;

34-40) магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34-41) магистральдық теміржол желісін және теміржол көлігінің жылжымалы құрамын дамыту мақсатында шығарылған тасымалдаушының облигациялары бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

34-42) теміржолдарды жаңғыртуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

34-43) теміржолдарды жаңғыртуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға арналған үлгілік шартты әзірлеу және бекіту;

34-44) теміржолдарды жаңғыртуға кредит беру және қаржы лизингі кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау;

35) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындау жатады.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдарының теміржол көлігі саласындағы құзыретіне:

1) әлеуметтік мәні бар ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасының тізбесін бекіту;

2) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының теміржол көлігі саласындағы құзыретіне:

1) ауданаралық (облысішілік қалааралық) және қала маңындағы жолаушылар қатынасын ұйымдастыру туралы шешімдерді тасымалдаушы қабылдайтын жағдайларды қоспағанда, осындай шешім қабылдау;

2) төтенше жағдайлар туындаған кезде тасымалды уақытша тоқтату туралы шешімдер қабылдау;

3) әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушының шығыстарын ұзақ мерзiмдi субсидиялау;

4) ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы қатынастарды айқындау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында жергiлiктi атқарушы органдарға жүктелген өзге де өкiлеттiктердi жергiлiктi мемлекеттiк басқару мүдделерiнде жүзеге асыру жатады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Заңымен, өзгерiстер енгiзiлдi - ҚР 2011.01.06 № 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi), 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi), 2011.07.05 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгiзiледi), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 13.01.2014 № 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгiзiледi); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк жиырма бiр күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 09.04.2016 № 494-V (қолданысқа енгiзiлу тәртiбiн 2-баптан қараңыз); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгiзiледi); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн алты ай өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгiзiлдi); 27.12.2019 № 290-VI (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 02.01.2021 № 399-VI (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк алпыс күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) Заңдарымен.

15-бап. Ұлттық теміржол компаниясы

Ескерту. 15-бап алып тасталды - ҚР 2012.01.12 № 538 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

15-1-бап. Ұлттық тасымалдаушылар

1. Ұлттық тасымалдаушылар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық тасымалдаушылар жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді тасымалдау бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ арнайы және әскери тасымалдауларды орындайды.

3. Ұлттық тасымалдаушылар Ұлттық инфрақұрылым операторымен және тасымалдау процесіне басқа да қатысушылармен өзара іс-қимыл жасай отырып, әскери тасымалдарды бірінші кезектегі тәртіппен қамтамасыз етуге және орындауға міндетті.

Ескерту. 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.07.09 № 596 Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. Тасымалдау процесін басқару

1. Ұлттық инфрақұрылым операторы магистральдық және станциялық жолдардағы қозғалысты диспетчерлік реттеуді қоса алғанда, Магистральдық теміржол желісін пайдалану қағидаларына сәйкес магистральдық теміржол желісі қызметтерін көрсетеді, тасымалдаушылармен шарттар жасасады.

2. Ұлттық инфрақұрылым операторы Техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу, денсаулық сақтау саласындағы, стандарттау саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін жылжымалы құрамды магистральдық теміржол желісіне жібермеуге міндетті.

Тасымалдаушы пайдаланылатын жылжымалы құрамның Техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу, денсаулық сақтау саласындағы, стандарттау саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Ұлттық инфрақұрылым операторы жекеше әріптеспен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын іске асыру үшін тараптардың өзара қатынастарын регламенттейтін шарт жасасуға міндетті.

Ескерту. 16-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Теміржол станциясы

1. Тасымалдаушы поездарды қабылдау, жөнелту, тоғыстыру, басып озу жөніндегі, жолаушыларға қызметтер көрсету, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді қабылдау, беру жөніндегі тиісті операцияларды жүргізу үшін ашық теміржол станцияларының арасында тасымалдауды жүзеге асырады. Тиісті жол дамытылымы бар теміржол станциясында поездарды құрастыру және тарқату жөніндегі маневрлік жұмыстар және поездармен техникалық операциялар жүргізілуі мүмкін.

2. Барлық немесе жекелеген операцияларды орындау үшін теміржол станцияларының, разъездердің жұмыс режиміне қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды ашу және жабу тәртібін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және өзге де елді мекендердің жергілікті өкілді және атқарушы органдарымен келісу бойынша уәкілетті орган айқындайды.

3. Мемлекеттік кіріс органдары, шекара, ветеринария, фитосанитария органдары және басқа да органдар теміржол станциясы аумағындағы өз қызметтерін теміржол станциясының жұмыс режимінде жүзеге асырады.

4. Теміржол станцияларының жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін тасымалдау жөніндегі операцияларды, сондай-ақ жүктерді қабылдау, тиеу, түсіру және беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыру жөніндегі қызмет көрсетулеріне тасымалдаушылардың тең дәрежеде қол жеткізуі қамтамасыз етілуге тиіс.

5. Теміржол станциялары өзінің қызметі мен жұмыс сипатына қарай жолаушылар, жүк, сұрыптау станциялары, учаскелік және аралық станциялар болып бөлінеді.

Ескерту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2004.12.20 № 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-1-бап. Теміржол вокзалы

1. Теміржол вокзалында билет кассалары, күтуге арналған үй-жайлар, санитариялық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін арнайы жабдықталған үй-жайлар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету объектілері (оның ішінде жолаушыларды бірыңғай анықтамалық-ақпараттық орталықпен байланыстыратын объектілер), медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті болуға тиіс.

2. Теміржол вокзалында халық жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыты, жолаушылардың жол жүру және багажды, жүк-багажды тасымалдау құны, поездарда бос орындардың бар-жоғы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітабының тұрған орны, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы туралы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің тізбесі туралы анық ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

Ақпаратты беру тілдерді, мәтіндерді, Брайль қарпін, тактильдік қарым-қатынасты, ірі қаріпті, қолжетімді мультимедиялық құралдарды пайдалана отырып, мүгедектігі бар адамдар үшін де қамтамасыз етіледі.

3. Жолаушылар платформалары мен перрондарға өтпелер және шығу жолдары мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтарына қолжетімді болуға (пандустармен, арнаулы лифтілермен жабдықталуға) тиіс.

4. Меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде теміржол вокзалдарын иеленуші тұлғалар вокзал маңы аумағын күтіп-ұстауды және жөндеуді қамтамасыз етеді.

5. Халыққа қызмет көрсетуге арналған вокзал құрылыстары жарамды техникалық жай-күйде ұсталуға тиіс.

6. Меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде теміржол вокзалдарын иеленуші тұлғалар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және техникалық регламенттің талаптарын сақтауға тиіс.

7. Теміржол вокзалдары тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс.

Ескерту. 2-тарау 17-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-2-бап. Теміржол көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтердің мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімділігі

1. Мүгедектігі бар адамдардың теміржол көлігі саласындағы көрсетілетін қызметтерге қол жеткізуі үшін теміржол вокзалдары мен теміржол станцияларында:

1) мүгедектігі бар адамдардың автокөлік құралдарын қоюға арналған, арнаулы жол белгілері орнатылған орындардың бөлінуі;

2) ғимараттардың, ғимараттарға кірме жолдың (ғимаратқа кіреберістің, баспалдақтардың), ғимарат ішіндегі қозғалыс жолдарының, мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда, халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін ыңғайластырылуы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, есту және көру қабілеттері бойынша мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді ақпараттық сигналдық құрылғылармен және байланыс құралдарымен жабдықталуы;

4) тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдарға және халықтың жүріп-тұруы шектеулі басқа да топтарына қызмет көрсету үшін кезекші кресло-арбаның болуы;

5) қоғамдық дәретханалардың кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған кабиналармен жабдықталуы;

б) кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнаулы таксофондардың орнатылуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Поездың құрамында кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарды отырғызуға және түсіруге арналған көтергіш құрылғылары, кресло-арбалармен жүріп-тұратын адамдарға арналған арнаулы орындары бар вагон болуға тиіс.

Ескерту. 2-тарау 17-2-баппен толықтырылды - ҚР 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНІҢ ҚАЖЕТІНЕ АРНАЛҒАН ЖЕР ЖӘНЕ ҚОРҒАЛАТЫН АЙМАҚТАР

18-бап. Теміржол көлігінің қажетіне арналған жер

1. Тасымалдаушыға немесе тасымал процесіне қатысушыларға өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін жер пайдалануға немесе меншікке берілетін жер теміржол көлігінің қажетіне арналған жер болып табылады.

2. Теміржол көлігінің қажетіне арналған жерге мынадай теміржолдарға және олармен технологиялық байланыстағы құрылғылар мен ғимараттарға:

1) магистралдық жолдарға және олармен технологиялық байланыстағы құрылғылар мен құрылыстарға (теміржол төсемі, көпірлер, тоннельдер, виадуктер, сигналдық жабдықтар, қызметтік-техникалық ғимараттар);

2) кірме жолдарға;

3) энергетика, локомотив, вагон, жол және жүк шаруашылықтарының, сумен қамтамасыз ету және канализация ғимараттарымен, құрылыстарымен, қорғаныш және бекіткіш екпе ағаштарымен, арнаулы теміржол көлігіне қызмет көрсетуге арналған қызметтік және басқа да объектілерімен бірге теміржол станцияларына;

4) теміржолдардың бөлінген белдеулері мен қорғалатын аймақтарына;

5) мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарға және теміржол көлігі объектілеріне бөлінген жерлер жатады.

3. Теміржол көлігінің қажетіне арналған жер уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген қала құрылысын салу мен экология талаптарына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес санитариялық және өзге де нормаларға сәйкес келуге тиіс.

4. Тасымал процесіне қатысушы өздерінің кінәсінен қоршаған ортаға келтірген зияны үшін, сондай-ақ теміржол көлігінің қажетіне арналған жерді тиісінше күтіп-ұстамағаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.07.05. № 66-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Теміржол көлігінің қажетіне арналған жерді бөлу мен пайдалану тәртібі

1. Жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жер учаскелері теміржолдар мен теміржол станцияларын дамытудың жобалау-техникалық құжаттамасы мен бас схемаларына сәйкес, уәкілетті органмен келісе отырып белгіленген тәртіппен бекітілетін нормативтер бойынша беріледі.

3. Бөлінген белдеудегі теміржол көлігінің қажетіне арналған жерді пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының жер туралы заңдарына сәйкес уәкілетті орган белгілейді.

20-бап. Теміржол көлігінің қорғалатын аймақтары

1. Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ теміржол көлігінің қажетіне арналған жерге бөлінген белдеуге жанасатын жер учаскелеріндегі объектілерді қауіпсіз пайдалану мақсатында, жер пайдаланудың ерекше жағдайларымен қорғалатын аймақтар белгіленеді, олардың шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарымен сыйыспайтын қызмет түрлеріне шек қойылады немесе тыйым салынады.

2. Теміржол көлігінің қорғалатын аймақтарына көлік құрылыстарының, құрылыстарының және басқа объектілерінің сақталуын, беріктігін әрі орнықтылығын

қамтамасыз етуге қажетті қорғаныш орман аймақтары, жер учаскелері, сондай-ақ теміржол көлігіне бөлінген белдеуге жанасатын, сел қаупі, көшкін қаупі және басқа да қауіпті жағдайлар болатын аймақтардағы және өңірлердегі жер учаскелері жатады.

3. Теміржол көлігі қорғалатын аймақтарының жері меншік иелері мен жер пайдаланушылардың иелігінен алынбайды және олар бұл жерді белгіленген шектеулерді сақтай отырып пайдаланады.

21-бап. Қорғалатын аймақтардағы жерлерді пайдалануды шектеу

1. Теміржол көлігінің қорғалатын аймақтарында:

1) теміржол көлігінің қажетіне арналған жерге іргелес жатқан учаскенің меншік иесінің немесе оны пайдаланушының жазбаша келісімінсіз тұрақты және уақытша сипаттағы құрылыс, монтаждау және тау-кен жұмыстарын жүргізуге;

2) көшкіннің, шөгіндінің, сел тасқынының, сай-жыраның пайда болуына, сусымалы құмдардың, қар үйінділерінің, көшкінінің туындауына, өзге де осындай зардаптарға әкеліп соғатын тәсілдермен ағаштарды кесуге және өсімдік қабатын бұзуға тыйым салынады.

2. Қорғалатын аймақтар жерінің меншік иелері мен пайдаланушылары теміржол көлігінің қорғалатын аймақтарындағы жерлерді пайдаланудың режимін бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

4-тарау. ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

22-бап. Теміржол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеу ерекшеліктері

1. Теміржол көлігі қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен, осы Заңмен, бас келісіммен, салалық (тарифтік) келісімдермен, еңбек және ұжымдық шарттармен реттеледі.

2. Теміржол көлігінің поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкері кәсіби даярлығы мен денсаулығы жөнінен уәкілетті орган белгілейтін талаптарға сай болуға тиіс.

3. Теміржол көлігінің поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкердің жұмыс уақытының және демалыс уақытының есепке алынуының ерекшеліктерін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Теміржол көлігінің қызметкерін жұмыстан шеттетудің қосымша негіздері

1. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген негіздерден басқа, жұмыс беруші уәкілетті органның актісі негізінде теміржол көлігі қызметкерін мынадай:

1) диспетчерлік қызметтің, Ұлттық инфрақұрылым операторының тасымалдау процесін басқаруға және поездардың қозғалысына байланысты нұсқауларын орындамаған;

2) жұмыс уақыты режимін бұзған жағдайларда жұмыстан шеттетуге міндетті.

2. Жұмыстан шеттетілген кезеңге жалақы сақталмайды.

Қызметкерді жұмыстан шеттету осыған негіз болған себеп анықталғанға дейінгі мерзімге жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.05.15 № 253; 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Нысанды киім (погонсыз) және айырым белгілері

Теміржол көлігінің жолаушыларға, жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге байланысты, сондай-ақ поездар қозғалысына тікелей байланысты қызметкерлеріне жұмыс берушінің есебінен тиісті айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) берілуге тиіс.

Нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар теміржол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін, нысанды киім (погонсыз) мен айырым белгілерінің үлгілерін, оны киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз етудің нормаларын уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-ТАРАУ.

Ескерту. 5-тарау алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2003.05.08. № 414 Заңымен.

6-тарау. ТЕМІРЖОЛ КӨЛПІ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Ескерту. 6-тараудың тақырыбына өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. № 209 Заңымен.

30-бап. Жалпы ережелер

1. Теміржол көлігі, теміржолдар, теміржол станциялары, вокзалдар және теміржол тасымалдарымен байланысты тасымалдау процесіне қатысушы өзге де объектілер,

сондай-ақ олардың өмірлік циклінің процестері техникалық реттеу объектілері болып табылады.

2. Тасымал процесіне қатысушылар техникалық регламенттер де белгіленген қауіпсіздік талаптарын орындауға және адамның өмірі мен денсаулығы, жолаушылардың жолда жүруі үшін қауіпсіз жағдайларды, сондай-ақ магистральдық, станциялық және кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігі талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2-1. Тасымалдау процесіне қатысушылар және теміржол көлігінің көмекші қызметтері магистральдық, станциялық және кірме жолдарда қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне хабарлауға міндетті.

Тасымалдау процесіне қатысушылар және теміржол көлігінің көмекші қызметтері қозғалыс қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы ақпаратты оқиға болған кезден бастап бір сағаттан кешіктірмей телефон немесе факсимильдік байланыс арқылы береді. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы егжей-тегжейлі ақпарат оқиға болған кезден бастап бір тәуліктен кешіктірілмей жазбаша нысанда беріледі.

Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар туралы ақпараттың нысандарын уәкілетті орган бекітеді.

3. Теміржол көлігі саласындағы қауіпсіздік адамның өмірі мен денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, тасымалдау процесіне қатысушылардың авариясыз жұмыс істеуіне жағдайлар жасауға, магистральдық теміржол желісін, теміржолдың жылжымалы құрамын, құрылысжайларды, жабдықтарды, механизмдер мен тетіктерді ақаусыз ұстауға, сондай-ақ теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар салдарын жоюға бағытталған ұйымдастырушылық және техникалық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етіледі.

4. Теміржолдармен қиылысатын немесе оларға тікелей жақын орналасқан газ, мұнай құбырларын, автомобиль жолдарын, электр берілісі желілерін және басқа да құрылыстар салу мен пайдалану кезінде белгіленген нормативтердің сақталмағаны үшін, сондай-ақ аталған құрылыстарды пайдалану қауіпсіздігі үшін олардың меншік иелері мен иелері ортақ жауаптылықта болады.

Аталған құрылысжайлардың иелері тасымалдау процесіне қатысушыларға және мемлекеттік көлік бақылау органдарына жол жүрісі қауіпсіздігіне қатер төндіретін авариялық жағдайлардың туындауы туралы дер кезінде хабар беруге міндетті.

5. Қауіпті жүктерді жөнелтетін жөнелтуші (жүк жөнелтуші) және қабылдайтын алушы (жүк алушы), сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдайтын тасымалдаушы олардың қауіпсіз тасымалдануын қамтамасыз етуге міндетті, оларда авариялық жағдайларды және олардың салдарын жоюға қажетті құралдар мен жұмылдыру бөлімшелері (оның ішінде шарт бойынша) болуға тиіс.

Қауіпті жүктерді тасымалдау процесінде авариялық жағдайлар туындаған кезде тасымалдау процесіне қатысушылар аталған бөлімшелердің оқиға орнына жедел түрде жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 2006.12.29 № 209 Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату олардың өмірлік цикл процесінде адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалауға, жасауға, пайдалануға, тасымалдауға, сақтауға, жөндеуге және кәдеге жаратуға қатысты Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасының және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының , сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуға тиіс.

2. Теміржол көлігінің инфрақұрылым объектілерін, құрылысжайларын жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасу, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату процестері Техникалық пайдалану қағидаларына, техникалық регламенттерге, стандарттау жөніндегі құжаттарға, пайдалану құжаттамасына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

3. Инфрақұрылым объектілерін, ғимараттарды, теміржол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, жасау, пайдалану, тасымалдау, сақтау және жөндеу процестерінде олардың сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар пайдалану құжаттамасында белгіленеді.

4. Теміржолдардың, көпірлердің және тоннельдердің қызметтер көрсету үшін жабық жекелеген учаскелері бойынша жылжымалы составтың жүруіне тыйым салынады.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

31-1-бап. Теміржол көлігі мен жабдығын жобалау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Ескерту. 31-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.12.29 № 209 Заңымен, алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-2-бап. Теміржол көлігі мен жабдығын өндіру кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Ескерту. 31-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен, алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-3-бап. Теміржол көлігі мен жабдығын пайдалану (монтаждау және жөндеу) кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Ескерту. 31-3-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен, алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-4-бап. Теміржол көлігі мен жабдығын тасымалдау және сақтау кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Ескерту. 31-4-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен, алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

31-5-бап. Теміржол көлігі мен жабдығын кәдеге жарату және жою кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Ескерту. 31-5-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.12.29 № 209 Заңымен, алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

32-бап. Жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру

1. Магистралдық, станциялық және кірме жолдардағы жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Уәкілетті органның лауазымды адамдары мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде белгіленген үлгідегі нысанды киім (погонсыз) киюге, олардың қызметтік куәліктері не сәйкестендіру карталары болуға тиіс.

2. Лауазымдар (кәсіптер) тізбесін, лауазымдарға (кәсіптерге) қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіби даярлық деңгейін, лауазымға (кәсіпке) қойылатын біліктілік талаптарын айқындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Алып тасталды - ҚР 29.03.2016 № 479-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 32-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2011.01.06 № 379-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.03.2016 № 479-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-1-бап. Тасымалдау процесіне қатысушыларға және теміржол көлігінің көмекші қызметтеріне қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптар

1. Тасымалдау процесіне қатысушыларға және теміржол көлігінің көмекші қызметтеріне қауіпсіздік бойынша қойылатын талаптар Теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларымен, Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларымен, Поездар қозғалысы және теміржол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықпен, Теміржол көлігіндегі сигнал беру жөніндегі нұсқаулықпен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

2. Тасымалдаушылар қауіпсіздікті басқару жүйесін теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес әзірлеуге және енгізуге міндетті.

Уәкілетті орган тасымалдаушының қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудитті тасымалдаушының өтініші бойынша теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларына сәйкес жүргізеді.

Қауіпсіздік сертификатын беру тәртібі мен мерзімдері теміржол көлігіндегі қауіпсіздік қағидаларында айқындалады.

3. Жылжымалы құрам осы Заңның, Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Ескерту. 6-тарау 32-1-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 494-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-2-бап. Қауіпсіздік жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін жауаптылық

Тасымалдау процесіне қатысушылар мен теміржол көлігінің көмекші қызметтері адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға зиян келтіруге, тасымалдау процесіне қатысушылар мен үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соққан, қауіпсіздік жөніндегі талаптарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. 6-тарау 32-2-баппен толықтырылды - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Жүктерді және объектілерді күзету

1. Тасымалдаушы мен Ұлттық инфрақұрылым операторы:

- 1) тасымалдау кезінде жүктердің сақталуын;
- 2) уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес, өздерінің қарауындағы теміржол көлігі объектілерінің әскерилендірілген күзетілуін;
- 3) теміржол көлігінде өртке қарсы профилактикалық жұмыстың жүргізілуін және өртті жоюды қамтамасыз етуге міндетті.

1-1. Әскерилендірілген күзет үздіксіз күзетуді қамтамасыз ету мақсатында үшінші тұлғаларға транзиттік теміржол жүк тасымалдарын жүзеге асыруға тартылған терминалдар аумақтарында жүктерді және теміржол көлігі объектілерін күзету жөніндегі қызметтерді көрсетуге құқылы.

2. Теміржол көлігімен тасымалдау кезінде тасымалдаушы не жүк жөнелтуші жүктердің тасымалдарын ұйымдастыру туралы шарт бойынша әскерилендірілген күзетпен алып жүруге жататын жүктердің күзетін уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жүк жөнелтуші, жүк алушы тасымалдау ережелерінде белгіленген тізбе мен тәртіпке сәйкес жүктердің жекелеген түрлерін өз өкілдерінің (жолсеріктердің) жолбасшылығы арқылы тасымалдауды қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жүк жөнелтуші, жүк алушы осы бапта көзделген тізбеге еңбейтін жүктерді күзетуді және оларға жолбасшылық жасауды тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асыра алады.

5. Теміржол көлігінде қоғамдық тәртіптің сақталуын және қылмысқа қарсы күресті ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

Ескерту. 33-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 596; 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Ерекше жағдайларда жұмысты ұйымдастыру

1. Тасымалдаушы, Инфрақұрылымның ұлттық операторы, тармақ иеленуші әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі шараларды шұғыл түрде қолдануға міндетті.

Осы шараларды жүзеге асыру және қолдану үшін оларда тізбесін уәкілетті орган айқындайтын материалдық және техникалық құралдардың қажетті қоры болуға тиіс.

2. Жұмылдыру дайындығын қамтамасыз етуге, азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі 10-шараларды жүргізуге, төтенше немесе соғыс жағдайы режимін енгізуге байланысты құқықтық қатынастар Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

Ескерту. 34-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596 Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

35-бап. Теміржол көлігінің ерекше жағдайлардағы іс-әрекеті

1. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше және соғыс жағдайы енгізілген кезде тасымалдаушының шарттық қатынастары әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алуды (анықтауды, жолын кесуді) және оларды жоюды өз құзыретіне қарай жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, жергілікті жер комендантының ұсынуы бойынша уәкілетті органның шешімдері негізінде тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Ұлттық қауіпсіздікке қатер төнген немесе әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген кезде және тасымалдауға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар кезінде Инфрақұрылымның ұлттық операторы теміржол қатынасының белгілі бір бағыттарында тасымалдауға байланысты қызметтер көрсетуді уақытша тоқтату не шектеу туралы шешім қабылдай алады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы осындай шешімнің қолданылу мерзімін белгілеуге, сондай-ақ уәкілетті органды, тасымалдаушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды дереу хабардар етуге міндетті.

3. Багажды, жүкті және жүк-багажды жеткізіп беру, беру жөніндегі шартты тиісті тұрғыда орындамауға әкеп соқтырып, сақтаудың шекті мерзімінің өтіп кетуіне

ұрындырған осы баптың 1 және 2-тармақтарында аталған мән-жайлар туындаған кезде тасымалдаушы багажды, жүкті және жүк-багажды жөнелтушіге, жүк жөнелтушіге олардың есебінен қайтаруға құқылы.

Ескерту. 35-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

35-1-бап. Теміржол көлігін беру міндеті

Ескерту. 35-1-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Теміржол көлігінің иелері (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға оқиға, төтенше жағдайлар болған жерлерге бару үшін және шұғыл медициналық көмекке мұқтаж азаматтарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін осы Заңның 35-бабында көзделген тәртіппен теміржол көлігін беруге міндетті.

Теміржол көлігінің иелеріне осы баптың бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда көлікті пайдаланғаны үшін шығыстар, сондай-ақ келтірілген залал Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджет есебінен өтеледі.

Теміржол көлігі иелерінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды және олардың салдарын жою үшін оларды (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерін қоспағанда) беруі, сондай-ақ теміржол көлігін пайдаланғаны үшін шығыстарды өтеу, осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 35-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; өзгеріс енгізілді – ҚР 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7-тарау. ЖҮК ТАСЫМАЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

36-бап. Жүк тасымалдау шарты

1. Жүк тасымалдау шартына сәйкес тасымалдаушы жүк жөнелтуші өзіне сеніп тапсырған жүкті оның тасымалдау талаптарын сақтай отырып, баратын теміржол станциясына дер кезінде әрі сол күйінде жеткізіп беруге және жүк алушыға тапсыруға міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші (жүк алушы) жүк тасымалына ақы төлеуге және оны қабылдап алуға міндеттенеді.

2. Теміржол көлігімен жүк тасымалдау шарты теміржол көлігі жүккұжатын толтыру арқылы ресімделеді.

3. Жүк жөнелтушіге теміржол көлігі жүккұжатына жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабаны қойылған жүктің қабылданғаны туралы түбіртек берілген кезден бастап жүк тасымалдау шарты жасалды деп есептеледі.

Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. Тасымалдау шартының талаптарын өзгерту

1. Тасымалдау шартының талаптарын өзгерту, соның ішінде жүктің барар жерін өзгерту тараптардың келісімі бойынша тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Кедендік бақылаудағы жүктің барар жерін өзгерту тиісті мемлекеттік кіріс органының келісімі болған кезде жүргізіледі.

Кедендік бақылаудағы жүкті тасымалдау адамдардың денсаулығы мен өміріне, жүру қауіпсіздігіне, экологиялық қауіпсіздікке, жүктің сақталуы мен сапалық жай-күйіне қатер төндірген жағдайда, жүктің барар жерін өзгерту мемлекеттік кіріс органдарын белгіленген мерзімде міндетті түрде хабардар ете отырып, олардың келісімінсіз жүзеге асырылады.

3. Бұдан әрі тасымалдау жүру қауіпсіздігі мен жүктің сақталуына қатер төндіретін жағдайда, тасымалдаушы жүк жөнелтушіні (жүк алушыны) хабардар ете отырып, жүкті қайта тиеуге құқылы.

4. Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес жүкті тасымалдаушыдан алып қоюға құқылы. Бұл орайда тасымалдаушының жүкті тасымалдау және сақтау жөніндегі шығыстарын, сондай-ақ оған келтірілген зиянды кінәлі тарап өтеуге тиіс.

Жүк жөнелтушінің, жүк алушының залалдары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен өтеуге жатады.

Ескерту. 37-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

38-бап. Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт

1. Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт бойынша тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімдерде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға келісілген көлемде тапсыруға міндеттенеді.

2. Әскери тасымалдарды ұйымдастыру туралы шарттарды қоспағанда, жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта тасымалдаудың көлемдері, мерзімдері, сапасы, көлік құралдарын беру және жүктерді тасымалдауға ұсыну талаптары, сондай-ақ тасымалдауды ұйымдастырудың осы Заңда және тасымалдау қағидаларында көзделмеген өзге де талаптары айқындалады.

3. Тасымалдаушы мен жүк жөнелтуші жүйелі түрде тасымалдауды жүзеге асыру қажет болған кезде тасымалдауды ұйымдастыру туралы ұзақ мерзімді шарт жасауы мүмкін.

Ескерту. 38-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.06.2017 № 69-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

39-бап. Құқықтар мен міндеттердің ауысуы

1. Жүктің баратын жеріне жеткізілгені туралы хабарланған кезден бастап тасымалдау шарттары бойынша құқықтар мен міндеттер жүк алушыға ауысады.

2. Жүк алушы жүк жөнелтушінің дұрыс емес іс-әрекеттері салдарынан тасымалдаушыға төленген шығыстар мен залалдардың орнын толтыруды жүк жөнелтушіден талап етуге құқылы.

40-бап. Жүк тасымалдау ережелері

1. Жүк тасымалдау ережелері жалпы ережелерді қамтиды, сондай-ақ мыналарды:
 - 1) тасымалдарды жоспарлау;
 - 2) тасымалдау жоспарын орындаудың есеп карточкасын жасау;
 - 3) жүктерді тасымалдауға қабылдау;
 - 4) жүктерді беру;
 - 4-1) жүк транзиті;
 - 5) вагондар мен контейнерлерді пломбалау үшін бекіту-пломбалау құрылғыларын қолдану;
 - 6) жүкқұжаты мен тасымалдау құжаттарын ресімдеу;
 - 7) жаппай тасымалданатын жүктерді маршруттармен және вагондар тобымен бір жүкқұжаты бойынша тасымалдау;
 - 8) құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау;
 - 9) жүкті вагон таразыларында өлшеу дәлдігі нормалары;
 - 10) жүк массасының табиғи азаю нормалары;
 - 11) тасымалдаулар және тасымалдау ақысы бойынша есеп айырысулар;

12) вагондарды беруге-алып кетуге шарттар жасасу және осындай шарттардың міндетті талаптары;

13) тиеу және түсіру мерзімдері;

14) жеткізіп беру мерзімдерінің және жеткізіп беру мерзімдерін есептеу ережелері;

15) сақтау;

16) жүкті ұстап қалу, өткізу, жүктерді мемлекеттік органдарға тапсыру;

17) жүктің барар жерін өзгерту, жүк жөнелтушіге қайтару;

18) бос және үйіп тиелген жүкті тасымалдау;

19) ашық жылжымалы құраммен тасымалдау;

20) жолсеріктердің жолбасшылығы арқылы тасымалдау;

21) жөнелтуші маршруттарымен тасымалдау;

22) ұсақ және шағын тонналық жөнелтілімдермен тасымалдау;

23) контейнерлермен және көліктік пакеттермен тасымалдау;

24) мұз болып тоңазыған жүктерді тасымалдау;

25) тез бүлінетін жүктерді тасымалдау;

26) жануарларды тасымалдау;

27) ветеринариялық, фитосанитариялық бақылауға жататын жүктерді тасымалдау;

28) алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

29) актілер жасау;

30) алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

31) сұйық жүктерді құйып алу арқылы вагон-цистерналарда және бункерлік жартылай вагондарда тасымалдау;

32) қауіпті жүктерді тасымалдау;

32-1) бос меншікті вагондарды (контейнерлерді) тасымалдау;

33) арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу;

33-1) ерекше жағдайларда жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру;

33-2) вагондар мен контейнерлерді жүк түсірілгеннен кейін тазалау және жуу шарттары мен тәртібін;

34) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де талаптарды белгілейді

2. Жүк тасымалдау қағидасын сақтауына бақылауды жүзеге асыру тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 40-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді); 09.11.2020 № 373-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 98-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

40-1-бап. Жүктерді аралас тасымалдау

Бірыңғай тауар-көлік жүкқұжаты (бірыңғай коносамент) бойынша әртүрлі көлік түрлерімен жүктерді аралас тасымалдарға қатысатын тасымалдаушылардың, сондай-ақ басқа да тұлғалардың қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының көлік туралы заңнамалық актілерінде айқындалады.

Ескерту. 7-тарау 40-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

41-бап. Жүкті тиеу, түсіру (жүктен босату)

1. Жүкті тиеуді және түсіруді (жүктен босатуды) тасымалдаушы немесе жүк жөнелтуші (жүк алушы) тасымалдау ережелерінде немесе шарттарында көзделген тәртіппен және мерзімде жүзеге асырады.

1-1. Кедендік тексеріп қарау мақсатында орналасуы мемлекеттік кіріс органдарымен келісілген кірме жолдарда жүктерді, жүк-багажды вагондарға, контейнерлерге тиеуді, сондай-ақ олардан түсіруді тасымалдау процесіне қатысушылар жүзеге асыруы мүмкін.

Тасымалдау процесіне қатысушылардың тауарларды тиеуге (түсіруге), зақымдалған буманы жөндеуге, буманы ашуға, буып-түюге немесе қайта буып-түюге, сондай-ақ вагондарды, контейнерлерді беруге және алып кетуге, санитариялық паспорттар беруге, жүктерді, контейнерлерді сақтауға байланысты шығыстары және мемлекеттік кіріс органдарының не өзге де мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының бастамасы немесе нұсқауы бойынша осы жұмыстарды орындауға байланысты туындаған басқа да шығыстары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мөлшерде жүк жөнелтушілер, жүк алушылар есебінен өтеледі.

1-2. Жүк жөнелтуші жүкті тиеу кезінде жүктің орналастырылуы мен бекітілуінің дұрыстығын, тиісті көлік құралының тиелуінің белгіленген нормалары мен схемаларының сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

1-3. Поездар қозғалысының қауіпсіздігін және тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ету үшін тасымалдаушы жөнелту алдында жүктің тиелуі мен бекітілуінің дұрыстығын, тиісті көлік құралының тиелуінің белгіленген нормалары мен схемаларының сақталуын тексеруге құқылы.

2. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға жүру қауіпсіздігі, жүктің және жылжымалы құрамның сақталуы қамтамасыз етілетіндей етіп дайындауға міндетті.

3. Тасымалдаушы жүк жөнелтушінің, жүк алушының құралдарымен жүкті тиеуге, түсіруге (жүктен босатуға) вагондар, контейнерлер беру уақыты туралы берерден кемінде екі сағат бұрын оларды хабардар етуге міндетті.

4. Егер тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартта өзгеше белгіленбесе, тасымалдаушы тасымалдау ережелерінде көрсетілген тәртіппен жүктің баратын станцияға жеткізілгендігі туралы жүк келген күннен кейінгі тәулікте күндізгі сағат он екіден кешіктірмей жүк алушыны хабардар етуге міндетті.

5. Егер шарт талаптарында көзделген болса, тасымалдаушы жүк алушыға немесе экспедиторға оның атына жүк келе жатқандығы туралы алдын ала хабар беруі мүмкін.

6. Жүк алушы өзінің атына келген жүкті қабылдап алуға, жылжымалы құрамды босатуға және оны тазалауды қамтамасыз етуге міндетті.

Жылжымалы құрамды тазалау тасымалдау ережелерінде көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 41-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

42-бап. Жүк тасымалдарын жоспарлау

1. Тасымалдаушы жүк тасымалдауды ұйымдастыру шарттарына және берілген өтінімдердің негізіндегі тасымалдау шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

2. Жүктерді тасымалдауға берілетін өтінімнің нысаны, оны ресімдеу, толтыру, орындау, өзгерістер енгізу және есепке алу тәртібі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

3. Халықаралық қатынастағы тасымалдарға өтінім беру Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Тасымалдаушы, осы Заңмен және тасымалдау ережелерімен көзделген жағдайларда, жүктерді тасымалдау өтінімін қабылдаудан бас тарта алады.

43-бап. Теміржол көлігі жүкқұжаты

1. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдауға ұсынған кезде тасымалдаушыға әрбір жөнелтілім үшін теміржол көлігі жүкқұжатын, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қажетті жағдайларда өзге де құжаттарды (сертификатты, лицензияны, ветеринариялық сертификатты, кедендік декларацияларды) беруге міндетті.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың екінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Кедендік декларация электрондық құжат түрінде ресімделген жағдайда, мемлекеттік кіріс органы тасымалдаушыға мемлекеттік кіріс органдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, тауарларды шығару туралы электрондық хабарламаны жібереді.

2. Теміржол көлігі жүкқұжаты мен өзге де тасымалдау құжаттарының нысаны, оларды ресімдеу тәртібі тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

3. Жүк жөнелтуші жүкқұжатқа енгізілген мәліметтердің дұрыстығы, сондай-ақ ол теміржол көлігі жүкқұжатында көрсеткен мәліметтердің қателігінен, дәл еместігінен немесе толық еместігінен болған барлық зардаптар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жауаптылықта болады.

Ескерту. 43-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.15 № 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.07.2014 № 225-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

44-бап. Тасымалдау құжаттарын тексеру

1. Тасымалдаушы теміржол көлігі жүкқұжатында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексереді, ол үшін:

1) жүкке тексеру жүргізуге;

2) жүк жөнелтушіден, жүк алушыдан, экспедитордан және вагондардың (контейнерлердің) операторынан заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы алуға;

3) жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор және вагондардың (контейнерлердің) операторы ретіндегі жеке тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттарын тексеруге;

4) жүк транзиті кезінде жүк алушыдан, жүк жөнелтушіден тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелерін алуға құқығы бар.

2. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың өкілі тасымалдаушыға жүкті қабылдауға (жөнелтуге) немесе беруге (алуға) сенімхат тапсыруға міндетті.

2-1. Жүк жөнелтушінің өкілі жүк жөнелтудің мәлімделген күніне дейін бір тәулік бұрын жүкті әкелу, әкету тәсілі мен орнын көрсете отырып, жүк транзиті туралы тасымалдаушыға жазбаша хабарлайды.

3. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында және 2-тармағында көрсетілген мәліметтердің қандай да болмасын

өзгерістері туралы жүкті қабылдағанға немесе бергенге дейін тасымалдаушыға хабарлауға міндетті.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2012.12.24 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізілді) Заңдарымен.

45-бап. Вагондарды, контейнерлерді беру-алып кету

Ескерту. 45-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 05.05.2017 № 59-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіге вагондарды, контейнерлерді қабылданған өтінімде және (немесе) шартта белгіленген мерзімдерде жүк тиеуге беруге және оларды алып кетуге міндетті. Берілген вагондар, контейнерлер мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін тасымалдау ережелеріне сәйкес (жарамды, іші мен сырты тазаланған) болуға тиіс.

Вагондарды, контейнерлерді тиеуге дайындау вагондар мен (немесе) контейнерлер меншік құқығымен немесе өзге де заңды негізде тиесілі болатын тұлғаның есебінен және тасымалдау ережелеріне сәйкес айқындалатын мерзімдерде жасалған шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

2. Вагондарға жүк тиеу тасымалдаушының құралдарымен жүзеге асырылатын жағдайлардан басқа кезде, мәлімделген жүктерді тасымалдау үшін жүк жөнелтуші вагондар мен контейнерлердің коммерциялық тұрғыдан жарамдылығын анықтайды.

Жүк жөнелтуші тиісті жүктерді тасымалдауға берілген жарамсыз көлік құралдарынан бас тартуға құқылы.

Ескерту. 45-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09. № 596 Заңымен; 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

46-бап. Вагондарды, контейнерлерді пломбалау

1. Жүк тиелген вагондар мен контейнерлер:

1) егер жүкті тасымалдаушы тиеген болса, соның бекіту-пломбалау құрылғыларымен;

2) егер жүкті жүк жөнелтуші, порт, айлақ тиеген болса, онда жүк жөнелтушінің, порттың, айлақтың бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбаланады.

2. Вагондар, контейнерлер кедендік жете тексеру үшін ашылған жағдайда, оларды жаңа бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбалауды мемлекеттік кіріс органдары тасымалдау қағидаларына сәйкес қолдануға рұқсат етілген бекіту-пломбалау құрылғыларының түрлерімен жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік кіріс органдары салған бекіту-пломбалау құрылғылары жүк жөнелтуші мен тасымалдаушының бекіту-пломбалау құрылғыларына теңестіріледі.

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47-бап. Тасымалдау ақысы

1. Егер шартта өзгеше көзделмесе, жүк тасымалдау ақысын және тасымалдаушыға тиісті өзге де төлемдерді жүк жөнелтуші, экспедитор жүк жөнелтілгенге дейін төлейді.

Бұл орайда жүк тасымалдау ақысы жүк тасымалдауы жүзеге асырылатын ең қысқа ара қашықтыққа есептеп алынады.

Ірі габаритті (габариттен тыс) және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жүзеге асырылатын ең қысқа қашықтықты анықтау осындай жүктерді тасымалдауға арналған теміржолдардың техникалық мүмкіндіктерін және өткізу қабілетін ескере отырып жүзеге асырылады.

2. Жүкті тасымалдауға және беруге байланысты түпкілікті есеп айырысуды жүк алушы жүк жеткізілген кезде жүргізеді.

3. Жүк жөнелтушінің, жүк алушының, экспедитордың тасымалдар үшін берешегі болған, сондай-ақ олар төлемдерді дер кезінде жасамаған жағдайда, бұдан кейін тасымалдаушы борыш өтелгенге дейін тасымалдау шартын жасасудан бас тарта алады.

4. Осы баптың 3-тармағында көзделген іс-әрекеттер жүзеге асырылған жағдайда, кінәлі тарап (жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор) тасымалдаушыға вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақыны бүкіл кідіріс уақытына қоса төлейді.

5. Жүк тасымалына ақы - жүкті тасымалдауға қабылдаған күні, ал жүк жеткізілген кезде есеп айырысқан ретте жүк берілген күні төленеді.

Ескерту. 47-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

48-бап. Жүкті жеткізу мерзімдері

1. Тасымалдаушы жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес тасымалдау шартында белгіленген мерзімде баратын теміржол станциясына жеткізуге міндетті.

2. Егер жүкті жеткізіп беру мерзімі өткенге дейін ол межеленген пунктке жеткізілсе және жүк алушыға тапсырылса немесе қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдарына жеткізілсе, жүк мерзімінде жеткізілді деп есептеледі.

3. Егер жүктің қабылдау-тапсыру (беру-шығару) жолдарына берілуі жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің кінәсінен (түсіру орнының бос болмауы, жүк тасымалдау ақысының және тасымалдаушыға тиісті өзге де төлемдердің төленбеуі) кешіктірілген жағдайда, жүк мерзімінде жеткізілді деп есептеледі.

Ескерту. 48-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

49-бап. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны және теміржолдарда жылжымалы құрамның бос тұрғаны (тоқтап тұрғаны, кідірілгені) үшін төлем

1. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші тасымалдаушыға, ал тиісті шарт болған кезде вагондардың, контейнерлердің иесіне:

1) тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыстар үшін тасымалдау қағидасында белгіленген уақытты қоса алғанда, вагондардың, контейнерлердің жүк жөнелтушілерде, жүк алушыларда, тармақ иеленушілерде болған бүкіл уақыты үшін;

2) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінәсінен магистральдық, станциялық жолдарда вагондар мен контейнерлердің бос тұрған (тоқтап тұрған, кідірілген) уақыты үшін төлейді.

2. Жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің, вагондар (контейнерлер) иеленушілердің кінәсінен орын алған магистральдық, станциялық жолдарда, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары бойынша теміржолдарда тасымалдаудың технологиялық процесінің бұзылуына алып келген вагондардың бос тұрғаны (контейнерлердің кідірілгені) үшін олар көрсетілген жолдардың иеленушісіне соларда тұрған уақыты үшін төлеген төлемдерін тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

3. Төлемнің мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Ескерту. 49-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

50-бап. Жүкті беру кезінде тексеру

1. Тасымалдаушы жүкті беру кезінде оны:

1) бұзылған вагонда, контейнерде келген;

2) жолдағы теміржол станцияларының бекіту-пломбалау құрылғыларымен бекітілген, сондай-ақ бекіту-пломбалау құрылғылары жоқ болған немесе олар бұзылған вагондарда, контейнерде келген;

3) ашық жылжымалы құрамда немесе бекіту-пломбалау құрылғылары жоқ жабық вагондарда тасымалданған кезде, егер мұндай тасымалдар тасымалдау ережелерінде көзделген болса, жетіспеу, бұзылу (бүліну) белгілерімен келген;

4) тез бүлінетін жүктерді рефрижератор вагондарда тасымалдаған кезде жеткізіп беру мерзімі бұзылып немесе температуралық режим бұзылып келген;

5) тасымалдаушы тиеген;

6) түсіруді тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайларда тексереді.

2. Тасымалдаушы ыдыстағы және жеке-дара жүктерді тек бүлінген жерлердегі жүктің салмағы мен жай-күйін тексеріп береді. Ыдыстың бұзылғаны немесе жүктің жай-күйіне әсер етуі мүмкін басқа да жағдайлар байқалған кезде, тасымалдаушы бұзылған жерлердегі жүкке тексеру жүргізеді.

3. Жүкті беру кезінде оның салмағын тексеру оны тиеген кездегі салмағын анықтау тәсілімен жүргізіледі.

Егер жүктің жөнелту станциясында анықталған салмағы баратын станциясындағы салмағымен салыстырғанда тасымалдау ережелеріне сәйкес белгіленген салмақтың шекті ауытқу және табиғи азаю нормасынан аспаса, жүктің салмағы дұрыс деп есептеледі.

4. Жүк алушы мен тасымалдаушыда вагонды өлшейтін таразылар болмаған жағдайда, бос және үйіп тиелген жүктер салмақтары тексерілмей беріледі.

Ескерту. 50-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-бап. Жүктің жетіспеу, бұзылу (бүліну) мөлшерін анықтау

1. Жүктің жоғалғаны, жетіспейтіні немесе бұзылғаны (бүлінгені) байқалған жағдайда тасымалдаушы мен жүк алушы нақты зиянның мөлшерін бірлесіп анықтайды.

2. Тасымалдаушының немесе жүк алушының бастамасы бойынша жүктің жетіспеуінен, бүлінуінен немесе бұзылуынан болған нақты зиянның мөлшерін анықтау жөнінде сараптама немесе өзге де қажетті зерттеу жүргізілуі мүмкін.

3. Сараптама немесе өзге де қажетті зерттеу жүргізуге байланысты шығыстар кінәлі тарапқа жүктеледі.

52-бап. Төлем бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1. Тасымалдаушы өзіне тасымалдау үшін берілген жүкті тасымал төлемін және басқа да тиесілі төлемдерді қамтамасыз ету үшін ұстап қалуға құқылы.

2. Соттардың және өзге де уәкілетті органдардың шешімдері бойынша жүк (алып қойылған, тәркіленген, иесіз деп танылған) сатылған жағдайда, тасымалдаушының тасымалдау мен сақтауға байланысты шеккен шығыстары сот шешімдерін және басқа уәкілетті органдардың шешімдерін орындауға құзыретті тұлғалардың атқарушылық іс-әрекеттерін жасау жөніндегі шығыстар ретінде өтеледі.

53-бап. Жүк алушының міндеттемелерін бұзуының салдары

1. Жүк алушы жүкті алу жөніндегі міндеттемелерін орындаудан жалтарған жағдайда тасымалдаушы жүк келген кезден бастап жеті тәулік (тез бүлінетін, қауіпті жүктерге қатысты - екі тәулік) өткен соң жүк жөнелтушіні жүкке оның иелік ету қажеттігі туралы хабардар етуге міндетті. Жүк жөнелтуші мұндай хабарламаны алған кезден бастап төрт тәулік (тез бүлінетін, қауіпті жүкке қатысты - екі тәулік) ішінде жүкке иелік етуге міндетті.

2. Жүк жөнелтушінің тез бүлінетін жүкке қалай иелік ету жөніндегі нұсқауы болмаған, жүкті сақтау оның бұзылуына әкеліп соғуы мүмкін болатын жағдайда тасымалдаушының оны сатуға құқығы бар.

Тез бүлінетін жүкті сатудан түскен сома тасымалдаушыға тиесілі барлық төлемдерді шегергеннен кейін жүк жөнелтуші үшін нотариустың атына депозит шартымен салынады.

3. Тасымалдаушы жүк жөнелтушінің жүкке иелік ету туралы нұсқауын алған кезге дейін жүкті жүк алушыға беруге құқылы.

4. Жүк жөнелтушінің жүкке иелік ету туралы нұсқауын осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімде алмаған жағдайда тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға құқылы.

Ескерту. 53-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

54-бап. Жүктің тиісті емес жүк алушының атына келуі

1. Жүк алушының атына берілуі шартта көзделмеген жүк келген, сондай-ақ атауы теміржол көлігі жүкқұжатында көрсетілген атауға сәйкес келмейтін жүк келген жағдайда:

1) жүк алушы жүктің келгені жөнінде хабарлама алған кезден бастап бір тәулік ішінде тасымалдау шарты бойынша өзінің тиісті тарап еместігі туралы тасымалдаушыға жазбаша хабарлама жіберуге міндетті;

2) тасымалдаушы жүк жөнелтушіні жүкке иелік ету қажеттігі туралы дереу хабардар етуге міндетті, ал жүк жөнелтуші төрт тәулік (тез бүлінетін, қауіпті жүктерге қатысты - екі тәулік) ішінде жүкке иелік ету туралы жазбаша нұсқау беруге міндетті.

2. Теміржол жүкқұжатында көрсетілген жүк алушы тасымалдаушыға тиісті барлық төлемдерді төлеген жағдайда, оның жүкті алуға құқығы бар.

3. Жүк жөнелтушінің жүкке иелік ету туралы нұсқауын осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде алмаған жағдайда, тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға, ал тез бүлінетін жүкті осы Заңның 53-бабының 2-тармағына сәйкес сатуға құқылы.

Ескерту. 54-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

55-бап. Жүк тасымалдауға кедергілер

1. Тасымалдаушы жүк жөнелтушіні немесе экспедиторды олардың кінәсінен жүкті тасымалдауға кедергілер туындағаны (мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың кідіртуі) және мұндай жүкті одан әрі тасымалдау үшін басқа тасымалдаушыларға тапсыру мүмкін еместігі туралы дереу телеграф арқылы немесе өзге де тәсілмен жүк жөнелтушіні немесе экспедиторды жасалған шартқа сәйкес хабардар етуге міндетті.

Жүк жөнелтуші, сондай-ақ экспедитор, егер шартта оған осындай міндеттемелер жүктелген болса, жүк тасымалдауға кедергілерді жою жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

2. Тасымалдаушы үшін белгіленген жүкті жеткізіп беру мерзімдері жүк жөнелтушінің, экспедитордың кінәсінен жүкті кідірткен уақытқа ұзартылады.

3. Экспорттық және импорттық жүкті кідірткен уақыты үшін кінәлі тұлға тасымалдаушыға - вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы, ал транзиттік жүкті кідірткен уақыты үшін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген мөлшерде ақы төлейді.

4. Жүк жөнелтуші немесе жүк алушы тасымалдаушыдан хабарлама алған кезден бастап сегіз тәулік (тез бүлінетін, қауіпті жүктерге қатысты - төрт тәулік) ішінде кідірілген жүктерге қатысты шара қолданбаған жағдайда, тасымалдаушы жүкті жүк жөнелтушіге оның есебінен қайтаруға немесе көлік құралынан жүкті босатуды талап етуге, ал тез бүлінетін жүкті осы Заңның 53-бабының 2-тармағына сәйкес сатуға құқылы.

Ескерту. 55-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

55-1-бап. Алдын ала ақпараттың мәліметтерін ұсыну

Жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, экспедиторлар, кеден өкілдері не жүктің тасымалдануына байланысты көрсетілетін қызметтерді ұйымдастыруға тартылатын өзге де тұлғалар мемлекеттік кіріс органдарын алдын ала хабардар етуді жүзеге асыру үшін тасымалдаушыға Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) халықаралық шартта белгіленген көлем мен мерзімдерде қажетті мәліметтерді ұсынуға міндетті.

Ескерту. 7-тарау 55-1-баппен толықтырылды - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

8-тарау. КІРМЕ ЖОЛДАР

56-бап. Кірме жолдарды пайдалану шарттары

1. Кірме жолдар, олардың құрылыстары мен құрылғылары құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларына сәйкес келуге, жылжымалы составты магистральдық жолдарда рұқсат етілетін техникалық жүктеме нормасымен өткізуді қамтамасыз етуге тиіс.

2. Кірме жолдар, олардың құрылыстары мен құрылғылары жүкті ырғақты тиеуді, түсіруді (жүктен босатуды), жүк айналымына сәйкес маневрлік жұмысты, сондай-ақ жылжымалы құрамды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс.

3. Кірме жолды оны салу немесе шұғыл жөндеу жұмыстарын жүргізу кезеңінде пайдалану қысқа мерзімді шарт талаптарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4. Кірме жолды пайдалану тасымалдау қағидаларына сәйкес тармақ иеленуші әзірлейтін және Ұлттық инфрақұрылым операторы бекітетін кірме жолдағы қозғалысқа қызмет көрсету және оны ұйымдастыру тәртібі туралы нұсқаулық негізінде жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне бекітіліп берілген кірме жолдарды, олардың құрылыстары мен құрылғыларын техникалық күтіп-ұстауды және жөндеуді Ұлттық инфрақұрылым операторы шарттық негізде жүзеге асырады.

Ескерту. 56-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

57-бап. Кірме жолдардың жалғасуы

1. Кірме жолдардың магистральдық және станциялық жолдарға жалғасуы Ұлттық инфрақұрылым операторының немесе мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру кезінде жекеше әріптестің келісімімен жүзеге асырылады.

Ұлттық инфрақұрылым операторы немесе жекеше әріптес кірме жолдарды магистральдық және станциялық жолдарға жалғастырудан бас тартқан жағдайда, табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган шағымдарды қарауды жүзеге асырады.

2. Жаңадан салынып жатқан кірме жолдардың жұмыс істеп тұрған кірме жолдарға жалғасуына тармақ иеленушінің келісімімен рұқсат беріледі.

Жаңадан салынып жатқан жолдардың жұмыс істеп тұрған кірме жолдарға жалғасуын келісу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

3. Жаңа салынып жатқан кірме жолдар жалғасқан немесе пайдаланылып жүрген кірме жолда тасымалдау көлемі ұлғайған жағдайда, кірме жолдар, теміржол станцияларын салу, магистралдық теміржол желісінің бұрыннан бар теміржол станцияларын дамыту құрылыс бастамашысының қаражаты есебінен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту. 57-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2007.07.27 № 316 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2008.12.29 № 116-IV (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 № 380-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 34-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.03.2025 № 172-VIII (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

57-1-бап. Кірме жолдар қызметтерін көрсету

1. Тармақ иеленушілер жылжымалы құрамды өткізу, оның тұруы, вагондарды, контейнерлерді беру-алып кету және кіргізу-шығару үшін, жүктерді қабылдау, тиеу (түсіру), беру жөніндегі операцияларды, маневрлік жұмыстарды және өзге де операцияларды жүзеге асыру үшін тасымалдау процесіне қатысушыларға кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі шарттың негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуге құқылы.

2. Тармақ иеленушілер кірме жолдар қызметтерін көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес төлем алады.

2-1. Кірме жолдың жылжымалы құрамды бір жолдан екінші жолға ауыстыруға арналған құрылысжайларын, құрылғылары мен элементтерін пайдаланғаны үшін жеке төлемақы алуға тыйым салынады.

3. Тармақ иеленушілер кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тасымал процесіне қатысушылардың тең құқықпен пайдалануын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Тармақ иеленушілер бәсекелес кірме жол болмаған кезде, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тасымалдау процесіне қатысушыларға кірме жол қызметтерін көрсетуді тоқтатуға алып келетін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті.

Ескерту. 57-1-баппен толықтырылды – ҚР 2004.07.09. № 596 Заңымен; өзгеріс енгізілді – ҚР 27.12.2019 № 295-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

58-бап. Кірме жол бойынша жүру қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеру ерекшеліктері

1. Мемлекеттік көліктік бақылау органы кірме жолда жүру қауіпсіздігіне, жылжымалы составтың, контейнерлердің, жүктердің сақталуына қатер төндіретін ақауларды байқаған кезде анықталған бұзушылықтар туралы акт жасалады.

Тармақ иеленуші көрсетілген актінің негізінде кірме жолдар қызметтерін көрсетуді тоқтата тұруға міндетті.

Уәкілетті органның жазбаша хабарламасы негізінде Ұлттық инфрақұрылым операторы кірме жолдарға вагондарды беруді-алып кетуді тоқтатады.

2. Тармақ иеленуші анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы уәкілетті органды жазбаша хабардар етеді.

Кірме жолды пайдалануды қайта бастауға уәкілетті органның шешімі негізінде жол беріледі.

Уәкілетті орган кірме жолды пайдалануды қайта бастау туралы шешім қабылданған кезден бастап Ұлттық инфрақұрылым операторын жазбаша хабардар етеді.

3. Анықталған бұзушылықтарды актіде көрсетілген мерзімдерде жоймағаны үшін тармақ иеленуші Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Аталған жағдайда тармақ иеленуші шарттар бойынша, оның ішінде контрагентпен жасалған шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін толық мүліктік жауаптылықта болады.

Ескерту. 58-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2014 № 269-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

59-бап. Ұлттық инфрақұрылым операторының өкімдерін кірме жолдарда орындаудың міндеттілігі

Кірме жолдарда қызметтік міндеттерін атқаратын қызметкерлер Ұлттық инфрақұрылым операторының маневрлік жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі өкімін орындауға міндетті.

Ескерту. 59-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

60-бап. Кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарттар

1. Тасымалдау процесіне қатысушылардың кірме жолдар қызметтерін көрсету жөніндегі өзара қатынастары шартпен айқындалады.

2. Тармақ иеленуші бір жақты тәртіппен:

1) кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шарт талаптарын өзгертуге;

2) кірме жолдар қызметтерін көрсетуге жасалатын шартты бұзуға;

3) тасымалдау процесіне қатысушылар кірме жолдар қызметтерін көрсету шартын өздері бұзған жағдайларды қоспағанда, олардың тең қол жеткізу принципін бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасауға құқылы емес.

Ескерту. 60-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 596 Заңымен.

61-бап. Келіспеушіліктерді сотқа дейін реттеу

Вагондарды беруге-алып кетуге шарт жасасу кезінде туындаған дауларды, сондай-ақ оларды өзгерту мен толықтыру жөніндегі келіспеушіліктерді сотқа дейін реттеу тасымалдау ережелерінде көрсетілген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 61-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

62-бап. Кірме жолдарда вагондар мен контейнерлердің сақталуы үшін жауапкершілік

Кірме жолдарда жүктер мен жылжымалы құрамның сақталуына қабылдаушы тарап жауапты болады. Тармақ иеленушінің алдындағы контрагенттің жауаптылығы тармақ иеленушінің тасымалдаушы алдында жауап беретін ережелері сияқты ережелермен белгіленеді.

63-бап. Вагондар мен контейнерлердің кірме жолдарда тұру уақытын есепке алу

Вагондар мен контейнерлердің кірме жолдарда тұру уақытын есепке алу тасымалдау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Вагондар мен контейнерлерді кірме жолдарда қабылдау орны және тәртібі шартпен белгіленеді.

9-тарау. ЖОЛАУШЫЛАРДЫ, БАГАЖДЫ, ЖҮК-БАГАЖДЫ ЖӘНЕ ПОЧТА ЖӨНЕЛТІЛІМДЕРІН ТАСЫМАЛДАУ

64-бап. Жолаушылар тасымалдауды ұйымдастыру

Халықаралық және облысаралық қатынастарда жолаушылар тасымалын ұйымдастыруды уәкілетті орган айқындайды.

Ауданаралық (облысiшiлiк қалааралық) және қала маңындағы қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдаудың ұйымдастырылуын жергiлiктi өкiлдi және атқарушы органдар немесе тасымалдаушы айқындайды.

Жолаушылар тасымалдаушыларының әлеуметтiк маңызы бар жолаушылар қатынастарына жатпайтын жаңа темiржол қатынастарын ашуы уәкiлеттi органмен келiсу бойынша жүзеге асырылады.

Уәкiлеттi органның жолаушылар тасымалдаушыларының әлеуметтiк маңызы бар жолаушылар қатынастарына жатпайтын жаңа темiржол қатынастарын ашуын келiсу тәртiбi Магистральдық темiржол желiсiн пайдалану қағидаларында айқындалады.

Ескерту. 64-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.07.09 № 596 Заңымен, өзгерiстер енгiзiлдi - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 29.09.2014 № 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); 27.12.2019 № 295-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгiзiлдi) Заңдарымен.

65-бап. Жолаушыны, багажды және жүк-багажды тасымалдау шарты

1. Жолаушыны тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы оған жол жүру құжатына (билетiне) сәйкес поезда орын берiп, оны баратын жерiне жеткiзуге мiндеттенедi, ал жолаушы жол жүру ақысын төлеуге мiндеттi.

2. Багажды, жүк-багажды тасымалдау шарты бойынша тасымалдаушы багажды, жүк-багажды баратын жерiне жеткiзiп беруге, ал жөнелтушi оның тасымалдау ақысын төлеуге мiндеттi.

3. Жолаушыны тасымалдау шарты - жол жүру құжатымен (билетпен), багажды тасымалдау - багаж квитанциясымен, жүк-багажды тасымалдау жүк-багаж квитанциясымен ресiмделедi.

4. Тасымалдаушы жолаушы көрсеткен межелi станцияға дейiн жол жүру құжатының (билеттiң) сатылуын қамтамасыз етуге мiндеттi. Тасымалдаушы жол жүру құжаттарын (билеттердi) сатуды жолаушы агенттiктерiнiң билет кассалары, электрондық терминалдар, интернет-ресурстар арқылы және Қазақстан Республикасында темiржол көлiгiнде жол жүру құжаттарын (билеттердi) сатуды ұйымдастыру қағидаларында белгiленген тәртiппен басқа да тәсiлдермен ұйымдастыра алады.

4-1. Жол жүру құжаттарын (билеттердi) сату және орындарды резервке қою уәкiлеттi органмен келiсу бойынша жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйелерi арқылы жүзеге асырылады.

Поездың жүру жолында жол жүру құжаттарын (билеттердi) сатуды тасымалдаушы Қазақстан Республикасында темiржол көлiгiнде жол жүру құжаттарын (билеттердi)

сатуды ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жолаушылар тасымалын басқарудың автоматтандырылған жүйелері арқылы жүзеге асырады.

5. Жолаушыға жол жүру құжатына (билетіне) сәйкес орын бермеген немесе тасымалдауды жалғастырудан бас тартқан тасымалдаушы өз есебінен жолаушыны баратын жеріне жеткізуге немесе жолаушыға шартты тиісінше орындамаудан келтірілген барлық залалды өтеуге міндетті.

6. Жол жүру құжаттарының (билеттерінің) нысаны, оларды сату тәртібі мен қолданылу мерзімдері тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

Ескерту. 65-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 494-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

66-бап. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережелері

Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережелерінде:

- 1) жол жүру құжаттарын (билеттерді) сату, олардың қолданылу мерзімін ұзарту және билет кассаларының жұмысын ұйымдастыру;
- 2) жолаушылар вагонының санаты, оның ішінде жайлылық деңгейі бойынша санаты;
- 3) жолаушыларға жолаушылар поездары мен вокзалдарда жедел медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, міндетті түрде көрсетілетін қызметтердің тізбесі;
- 4) жолаушылардың жол жүру жағдайының өзгеру, поездарда төсекорын жабдықтарын беру және басқа қызметтер көрсету шарттары мен тәртібі;
- 5) жолаушының жол бойында аялдама жасауын (он күнге дейін) ресімдеудің тәртібі ;
- 6) қол жүгін алып жүру тәртібі мен шарттары;
- 7) багажды, жүк-багажды қабылдаудың және берудің талаптары мен тәртібі;
- 8) тасымалдау құжаттарының нысандары және оларды ресімдеудің тәртібі;
- 9) тасымалдауға рұқсат етілетін жануарлардың тізбесі, оларды тасымалдаудың тәртібі мен талаптары;
- 10) жол бойында багаж бен жүк-багажды берудің тәртібі;
- 11) багаж бен жүк-багажды қайта жөнелтудің тәртібі мен талаптары;
- 12) багаж бен жүк-багажды сақтау, ұстап қалу, беру тәртібі;
- 13) қауіпті заттарды тасымалдаудың тәртібі;
- 14) пайдаланылмаған жол жүру құжаттары (билеттер) үшін төлемдерді қайтару тәртібі;

- 15) кәмелетке толмаған жолаушылардың жол жүру ережелері;
- 15-1) жолаушы платформаларын пайдалану тәртібі;
- 16) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де жағдайлар белгіленеді

Ескерту. 66-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен. 66-1-бап. Жолаушылар поезддарында Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізу тәртібі

Ескерту. 66-1-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Жолаушылар поезддарында Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды уәкілетті орган жүргізеді.

2. Жолаушылар поезддарында тасымалдаушылардың Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларын сақтауын тексеруді уәкілетті органның лауазымды адамы (адамдары) тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізеді.

Тексеруді тағайындау туралы актіде:

- 1) актінің күні және нөмірі;
- 2) уәкілетті органның атауы;
- 3) тексеруді жүргізуге уәкілеттілік берілген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және лауазымы;
- 4) жолаушылар поезддарын тексеруді тағайындау туралы актілерді есепке алу журналындағы тіркеу күні мен нөмірі;
- 5) тексерілетін субъектінің атауы мен жолаушылар поезының нөмірі;
- 6) тексерілетін субъектінің сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН);
- 7) тексеру мәселелері;
- 8) тексеру жүргізу мерзімі;
- 9) актілерге қол қоюға уәкілеттілігі бар адамның қолы мен уәкілетті органның мөрі көрсетіледі.

3. Тексеруді тағайындау туралы акт жолаушылар, багаж және жүк-багажды тасымалдауды жүзеге асыратын, тексерілетін әрбір субъектіге жолаушылар поезддарының нөмірлері көрсетіле отырып толтырылады.

Тексеруді тағайындау туралы акт тексеруді тағайындау туралы актілерді есепке алу журналында тіркеледі.

Жолаушылар поезддарын тексеруді тағайындау туралы актіні есепке алу журналын жүргізу тәртібі мен нысанын уәкілетті орган бекітеді.

4. Лауазымды адамдар жолаушылар поезын тексеруді бастаудың алдында қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын және осы поезды тексеруді тағайындау туралы

актіні көрсетеді, бұл ретте тексерудің басталғаны туралы жолаушылар поезының бастығын немесе аға жолсерігін (вагон-мейрамхана директорын, жүк вагонын қабылдап-тапсырушыны, қызметтік вагон жолсерігін) қол қойғыза отырып, таныстырады.

5. Мемлекеттік бақылаудың объектісі болып табылатын жолаушылар поезына лауазымды адамды жіберуге кедергі келтірілген жағдайда, ол хаттама толтырады. Тексерілетін объектіге жіберуден бас тарту, тексеруді болдырмау үшін негіз болып табылмайды.

6. Жолаушылар поезын Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуы тұрғысынан тексеруді лауазымды адамдар жолаушылар поезы жөнелтілгеннен кейін бастайды.

7. Тексерілетін жолаушылар поезының барлық вагондарында Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуы бөлігінде тексеру жүзеге асырылады.

8. Жолаушылар поезын тексеру нәтижелері бойынша лауазымды адамдар тексеру нәтижелері туралы акт жасайды.

Тексеру нысанасына қойылған талаптарды бұзушылықтар анықталмаған жағдайда, тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жасалады.

9. Тексеру нәтижелері туралы акт екі данада жасалады.

Тексеру нәтижелері туралы актіде:

1) тексеру күні, уақыты және учаскесі;

2) уәкілетті органның атауы;

3) негізінде тексеру жүргізілген тексеруді тағайындау туралы актінің күні және нөмірі;

4) тексеруді жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және лауазымы;

5) тексерілетін субъектінің атауы, жолаушылар поезының нөмірлері мен қатынастары, тексеру жүргізу кезінде қатысқан жолаушылар поезы бастығының немесе аға жолсерігінің (вагон-мейрамхана директорының, жүк вагонын қабылдап-тапсырушының, қызметтік вагон жолсерігінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде);

6) тексеру нәтижелері, оның ішінде анықталған бұзушылықтар туралы мәліметтер;

7) тексеру жүргізу кезінде қатысқан жолаушылар поезы бастығының немесе аға жолсерігінің (вагон-мейрамхана директорының, жүк вагонын қабылдап-тапсырушының, қызметтік вагон жолсерігінің) тексеру нәтижелері туралы актімен танысқандығы немесе танысудан бас тартқандығы жөніндегі мәліметтер, оның қолы немесе қол қоюдан бас тартуы;

8) тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы көрсетіледі.

Тексеру нәтижелері туралы актіге бар болған жағдайда тексеру нәтижелерімен байланысты құжаттар немесе олардың көшірмелері қоса беріледі.

10. Тексеру нәтижелері бойынша ескертпелері және (немесе) қарсылықтары болған жағдайда, тексеру жүргізу кезінде қатысқан жолаушылар поезы бастығы немесе аға жолсерігі (вагон-мейрамхана директоры, жүк вагонын қабылдап-тапсырушы, қызметтік вагон жолсерігі) оларды жазбаша нысанда баяндайды.

Ескертпелер және (немесе) қарсылықтар тексеру жүргізу нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл жөнінде тиісті белгі жасалады.

11. Тексеру нәтижелері туралы актінің бір данасы тексеру жүргізу кезінде қатысқан жолаушылар поезының бастығына немесе аға жолсерігіне (жолаушылар поезының құрамындағы вагон-мейрамхана, жүк вагоны және қызметтік вагон тексерілген жағдайда тексеру нәтижелері туралы актінің бір-бір данасы тиісінше вагон-мейрамхана директорына, жүк вагонын қабылдап-тапсырушыға, қызметтік вагон жолсерігіне табыс етіледі) танысуы және анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдауы үшін табыс етіледі.

12. Лауазымды адамның (адамдардың) жолаушылар поездарында Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылауды жүргізу кезінде:

1) тексерілетін жолаушылар поезының құрамындағы барлық типтегі жолаушылар вагондарына кедергісіз кіруге;

2) тексеру нәтижелерінің актісіне қоса беру үшін тексеру мәселелерімен байланысты құжаттарды (мәліметтерді) қағаздағы жеткізгіште не олардың көшірмелерін алуға;

3) мемлекеттік органдардың мамандарын, консультанттарын және сарапшыларын тартуға құқығы бар.

13. Тексеруді жүзеге асыратын лауазымды адамға (адамдарға) тексеру мәселелеріне жатпайтын талаптарды қоюына және өтініштер жасауына тыйым салынады.

14. Уәкілетті органның лауазымды адамдары тексеру жүргізу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, тексерілетін субъектілердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауға;

2) тексерулерді осы Заңмен белгіленген тәртіпке қатаң сәйкестікте жүргізуге;

3) тексеру жүргізу кезінде қатысқан жолаушылар поезының бастығына немесе аға жолсерігіне (вагон-мейрамхана директорына, жүк вагонын қабылдап-тапсырушыға, қызметтік вагон жолсерігіне) жүргізілген тексеру нәтижелері туралы актіні ол аяқталған күні табыс етуге міндетті.

15. Жолаушылар поезының бастығы немесе аға жолсерігі (вагон-мейрамхана директоры, жүк вагонын қабылдап-тапсырушы, қызметтік вагон жолсерігі) бақылау жүргізу кезінде:

1) тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген мерзімдер өтіп кеткен;

2) тексеру жүргізу үшін келген лауазымды адамның (адамдардың) деректерінің тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген лауазымды адамның (адамдардың) деректерімен сәйкес келмеген жағдайларда объектіге тексеру жүргізу үшін келген уәкілетті органның лауазымды адамын (адамдарын) тексеруге жібермеуге құқылы.

16. Жолаушылар поезының бастығы немесе аға жолсерігі (вагон-мейрамхана директоры, жүк вагонын қабылдап-тапсырушы, қызметтік вагон жолсерігі) уәкілетті орган Жолаушылар, багаж және жүк-багаж тасымалдау қағидаларының сақталуына бақылау жүргізген кезде:

1) осы Заңның 66-1-бабы 4-тармағының талаптары сақталған кезде, лауазымды адамның (адамдардың) тексерілетін жолаушылар поезының құрамындағы барлық типтегі жолаушылар вагондарына кедергісіз кіруін қамтамасыз етуге;

2) тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беру үшін лауазымды адамға (адамдарға) тексеру мәселелерімен байланысты құжаттарды (мәліметтерді) қағаздағы жеткізгіште не олардың көшірмелерін ұсынуға;

3) тексеру тағайындалғаны туралы актімен танысқандығы жөнінде белгі жасауға;

4) актінің екінші данасында тексеру аяқталған күні жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы актіні алғандығы туралы белгі жасауға міндетті.

Ескерту. 66-1-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); жаңа редакцияда - ҚР 09.04.2016 № 494-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 26.11.2019 № 273-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

66-2-бап. Жолаушыларды, багажды және жүк-багажды тасымалдау ережелерін тексеруді жүргізудің тәртібі

Ескерту. 66-2-бап алып тасталды - ҚР 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

67-бап. Жолаушының құқықтары мен міндеттері

1. Жолаушының:

1) поездар жүретін маршруттар бойынша жолаушылар операциялары үшін ашық, өзі атаған баратын станциясына дейін кез келген поездға не кез келген вагонға жол жүру құжатын (билет) сатып алуға;

2) сатып алған жол жүру құжатына (билетке) сәйкес поезддағы вагоннан орын алуға;

3) өзімен бірге жеті жасқа дейінгі бір баланы, егер бала жеке орын алатын болмаса - ақысыз және жеті жастан он бес жасқа дейінгі балаларды жол жүру ақысының елу пайызын төлеп, оларға жеке орын беріп, алып жүруге құқығы бар.

Басқа мемлекеттердің жолаушы вагондарында және басқа мемлекеттердің аумағы бойынша Қазақстан Республикасының жолаушы вагондарында тасымалдау кезінде осы

құқықты беру Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады;

4) бір толық жол жүру құжатына немесе баланың жол жүру құжатына салмағы отыз бес килограмнан аспайтын қол жүгін өзімен бірге ақысыз алып жүруге құқығы бар.

Салмағы бұдан асатын қол жүгі багаж вагонына тапсырылуға тиіс.

Мүгедектігі бар адамдар мен халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары арасынан шыққан жолаушылардың жеке пайдалануға арналған техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды және арнайы қозғалыс құралдарын өздерімен тегін алып жүруге қосымша құқығы бар;

5) тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіп бойынша тасымалдаушыға жол жүру құжатын (билетті) қайтарып тапсыруға және тасымалдаушыдан жол жүру және багажды алып жүру ақысын (ал жөнелтуші - багаж, жүк-багаж тасымалының ақысын) қайтарып алуға;

6) тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін ұзартуға;

7) жол бойында аялдама жасап, тасымалдау ережелерінде белгіленген тәртіппен жол жүру құжатының (билеттің) қолданылу мерзімін он күннен аспайтын мерзімге ұзартуға;

8) бос орындар болған және сатып алынған жол жүру құжатына (билетіне) өзгерістер енгізген жағдайда, жол жүру құжаты (билет) сатып алынған поездан бұрын жүретін жолаушы поезымен жүруге;

9) белгіленген ақысын төлеп, багажын тасымалдауға тапсыруға;

10) жазбаша талап ету бойынша тасымалдаушыдан (билет кассаларынан немесе жолаушылар агенттіктерінен) бұрын сатып алынған жол жүру құжаты (билет) бүлінген, жоғалған жағдайда, Жолаушыларды, багажды, жүктерді, жүк-багажды тасымалдау қағидаларында белгіленген тәртіппен оның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Бұрын қайтарылған жол жүру құжаттары (билеттер) бойынша телнұсқа берілмейді.

2. Жолаушы:

1) қала маңындағы қатынас поездарын қоспағанда, жол жүру құжатын (билет) сатып алған кезде, поездға отырғызу кезінде жол бойында жол жүру құжатын (билетті) тексерген кезде жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуге;

2) поездға отырғызған кезде және жол үстінде сапар аяқталғанға дейін оның жол жүру құжаты (билеті) болуы;

3) қоғамдық тәртіпті, жолаушы вагондарын және жолаушылар тасымалдауына қызмет көрсетуге арналған объектілерді пайдалану қағидасын сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға және жол жүру барысында да, күту орындарында да өрт қауіпсіздігі қағидасын сақтауға міндетті.

Ескерту. 67-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

68-бап. Багажды және жүк-багажды тасымалдау

1. Тасымалдаушы жолаушыдан немесе жөнелтушіден багажды және жүк-багажды қабылдап алуға және осы операциялар үшін ашық кез келген теміржол станциясына дейін жөнелтуге міндетті.

Жөнелтушінің жүк-багажы жол жүру құжатын (билетті) ұсынбай тасымалдау құжаты (жүк-багаждың түбіртегі) бойынша қабылданады.

Жөнелтушінің багажы, жүк-багажы таяу арада жүретін багаж вагоны бар поездбен жөнелтіледі. Бұл орайда тасымалдаушы жолаушының багажын, жүк-багажын бірінші кезекте жөнелтуді қамтамасыз етуге міндетті. Жолаушының жол жүру құжатында (билетінде) көрсетілген маршрут бойынша жеткізілетін багаж, жүк-багаж жолаушы отырған поездбен немесе таяу арада жүретін багаж вагоны бар поездбен жөнелтілуге тиіс.

2. Жолаушы (жөнелтуші) багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға құқылы, ал жүк-багажды тапсыру кезінде оның құнын жариялауға міндетті.

3. Багажбен, жүк-багажбен тасымалдауға өзінің мөлшеріне, буып-түйілуіне және қасиеттеріне қарай багаж вагонына қиындықсыз тиеліп, орналастырылатын және тасымалдаушының мүлкіне және басқа жолаушылардың (жөнелтушілердің) багажына, жүк-багажына зиян келтірмейтін заттар мен нәрселер қабылданады.

Ескерту. 68-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

69-бап. Багаж бен жүк-багажды жеткізіп беру мерзімі

1. Багаж бен жүк-багажды жеткізіп беру мерзімі поезддардың жүру кестесіне сәйкес тасымалдау жүзеге асырылатын жолаушы поезының межелі теміржолстанциясына дейін жүру уақытымен айқындалады.

Егер багажды, жүк-багажды тасымалдау жол жүру барысында ауыстырып тиеу арқылы жүзеге асырылса, онда жеткізіп беру мерзімі әрбір ауыстырып тиеу үшін бір тәулікке арттырылады.

2. Жолаушыға, алушыға багаж, жүк-багаж баратын станцияда багаж, жүк-багаж квитанциясын және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткеннен кейін беріледі.

3. Багажды, жүк-багажды беру жолаушылар тасымалы жөніндегі операциялар үшін станция ашық болған уақыт ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 69-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

70-бап. Сақтаудың шекті мерзімі аяқталуының салдары

1. Жолаушы, алушы тасымалдаушыға байланысты емес себептер бойынша багажды, жүк-багажды алмаған жағдайда, тасымалдаушы оны баратын станцияда, келген күнінен бастап - отыз күн бойы, ал кедендік бақылаудағы багаж бен жүк-багажды он бес күн бойы сақтауға міндетті.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған сақтаудың шекті мерзімі аяқталғаннан кейін, тасымалдаушы багаж бен жүк-багажды уәкілетті мемлекеттік органдардың (мемлекеттік кіріс органдарының және өзге де мемлекеттік органдардың) билігіне береді. Осы кезден бастап жолаушы, жөнелтуші, алушы оларға багаждың, жүк-багаждың құнын өтеу немесе оларды алу мәселелері бойынша өтініш жасауға құқылы.

3. Багаж, жүк-багаж (алып қойылған, тәркіленген, иесіз деп танылған) соттардың және басқа уәкілетті органдардың шешімдері бойынша сатылған жағдайда тасымалдаушының тасымалдау мен сақтауға байланысты шеккен шығыстары сот шешімдерін және басқа уәкілетті органдардың шешімдерін орындауға құзыретті тұлғалардың атқарушылық іс-әрекеттерін жүзеге асыру жөніндегі шығыстары ретінде өтеледі.

Ескерту. 70-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

71-бап.

Ескерту. 71-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 596 Заңымен.

72-бап. Почта жөнелтілімдерін тасымалдау

Почта жөнелтілімдерін тасымалдау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен почта вагондарымен жүзеге асырылады.

Ескерту. 72-бап жаңа редакцияда - ҚР 2004.07.09 № 596 Заңымен, өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-тарау. ТАСЫМАЛДАУДАН ТУЫНДАЙТЫН МІНДЕТТЕМЕЛЕР БОЙЫНША ЖАУАПКЕРІШЛІК

73-бап. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаудан туындайтын міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда тараптар Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және теміржол көлігі саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында, тасымалдау ережелерінде, сондай-ақ осылардың негізінде жасалған шарттарда белгіленген негіздер бойынша және мөлшерде жауапты болады.

Міндеттемені бұзған тарапты жауапқа тарту, құқығы бұзылған тараптың талап етуі бойынша ғана жүргізіледі.

2. Тараптардың осы Заңда белгіленген жауапкершілікті шектеу немесе жою мақсатындағы келісімдері жарамсыз болып табылады.

Тараптар өзара келісім бойынша жауапкершілік мөлшерін ұлғайта алады, сондай-ақ тасымалдау шарты бойынша қосымша жауапкершілік көздей алады.

3. Тасымалдау жөніндегі міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тасымалдаушылардың өзара жауапкершіліктері осы Заңда, жүктерді, жолаушыларды тасымалдау ережелерінде, сондай-ақ тасымалдаушылар арасындағы шарттарда белгіленеді.

4. Тасымалды бірнеше тасымалдаушы жүзеге асырған жағдайда олар жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының) алдында багаждың, жүктің, жүк-багаждың жоғалғаны, жетіспеушілігі, бұзылғаны (бүлінгені), жеткізіп беру мерзімін өткізіп жібергені үшін ортақ жауапкершілікте болады.

5. Егер тасымалдаушы басқа тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының, тармақ иеленушінің, экспедитордың кінәсінен жауапқа тартылса, оның кінәлілерге кері талап қоюға құқығы бар.

Ескерту. 73-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 596 Заңымен.

74-бап. Тұрақсыздық айыбы

1. Жүк тасымалы бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін кінәлі тарап Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда немесе шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

2. Тасымалдаушыға тиісті төлемді мерзімін өткізіп төлегені үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде бөтен адамдардың ақша қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін белгіленген жауапкершілік мөлшерінде тұрақсыздық айыбы алынады.

3. Тараптардың өзге шарттары болмаған ретте төлем жасалған сомадан, ең алдымен - тұрақсыздық айыбының сомасы, ал қалған бөлігінен борыштың негізгі сомасы өтеледі.

75-бап. Жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін тасымалдаушының жауапкершілігі

Тасымалдаушы жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жауапты болады.

Жолаушының өмірі мен денсаулығына келтірген зиян үшін тасымалдаушының жауапкершілігі жолаушының поезда отырған және вокзал аумағында поездға отырғызу (одан түсіру) кезінде туындайды.

76-бап. Тасымалдаушының багажды, жүкті, жүк-багажды жоғалтқаны, олардың жетіспеуі немесе бұзылуы (бүлінуі) үшін жауапкершілігі

1. Тасымалдаушы жүкті, багажды, жүк-багажды тасымалдауға алған кезден бастап жүк алушыға, алушыға берген кезге дейін олардың сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Багажды, жүкті, жүк-багажды жоғалтқаны, оның жетіспеуі, бұзылуы (бүлінуі) үшін мүліктік жауапкершілік оларды қабылдаған - тапсырған кезден бастап ауысады.

3. Тасымалдауға құндылығы жарияланбай қабылданған багажды, жүкті, жүк-багажды жоғалтқаны, оның жетіспегені немесе бұзылғаны (бүлінгені) үшін тасымалдаушы мына мөлшерлерде:

1) жоғалтқан немесе жетіспеген жағдайда - жоғалған немесе жетіспеген багаждың, жүктің, жүк-багаждың құны мөлшерінде;

2) бұзылған (бүлінген) жағдайда багаждың, жүктің, жүк-багаждың құны төмендеген сома мөлшерінде жауапты болады.

Багаждың, жүктің, жүк-багаждың құны сатушының шотында, шартта көрсетілген баға негізге алынып, ал ол болмаған кезде салыстырмалы жағдайларда осыған ұқсас тауарлар үшін әдетте алынатын баға негізге алынып айқындалады.

4. Тасымалдауға құндылығы жарияланып тапсырылған багаж бен жүк-багажды, сондай-ақ жүкті жоғалтқаны, олардың жетіспеуі немесе бұзылуы (бүлінуі) үшін тасымалдаушы жарияланған құндылығы мөлшерінде жауапты болады.

5. Тасымалдаушы осы баптың 3 және 4-тармақтарында көзделген зиянның орнын толтырумен бірге, егер тасымал ақысы олардың құнына кірмейтін болса, жоғалтқан, жетіспеген, бұзылған (бүлінген) багажды, жүкті, жүк-багажды тасымалдау үшін алған тасымал ақысын қайтарады.

6. Багаж, жүк, жүк-багаж жеткізіп беру мерзімінен жеті күн өткеннен кейін жоғалды деп есептеледі.

Багаж, жүк, жүк-багаж аталған мерзім өткеннен кейін келген жағдайда, алушы оларды қабылдай алады және тасымалдаушының жоғалтқаны үшін төлеген сомасын қайтара алады.

7. Тасымалдаушы, егер жүктің немесе багаждың, жүк-багаждың жоғалуы, жетіспеуі немесе бұзылуы (бүлінуі) өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүктің, багаждың немесе жүк-багаждың жоғалуына, жетіспеуіне немесе бұзылуына (бүлінуіне) жауап береді.

8. Теміржол көлігі жүкқұжатында көрсетілген мәліметтерге сәйкес келмейтін жүкті берген жағдайда, мұндай жүкті тасымалдаушы тиеген болса, ол жүк алушы алдында жүктің теміржол көлігі жүкқұжатында көрсетілген құны мөлшерінде, оны жоғалтқанмен бірдей жауапкершілікте болады.

9. Тасымалдау шарты бұзылған жағдайда, Еуразиялық экономикалық одақтың басқа тасымалдаушысынан жүкті тасымалдауға қабылдаған тасымалдаушы кедендік транзиттің кедендік рәсіміне сәйкес жүктерді халықаралық тасымалдау кезінде жоғалған, жеткізілмеген жүкке кедендік баждар мен салықтарды төлеуге жауапты болады.

Ескерту. 76-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.12.2017 № 124-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

77-бап. Жүк тасымалдау жоспары бойынша өтінімдерді орындамағаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы қабылданған өтінімге сәйкес көлік құралдарын бермегені, ал жүк жөнелтуші жүкті ұсынбағаны, сондай-ақ берілген көлік құралдарын пайдаланбағаны үшін, айлық есептік көрсеткіш шамасынан мынадай мөлшерде процентпен есептелетін айыппұл түрінде өзара мүліктік жауапкершілікте болады:

1) жүкті контейнерлермен тасымалдағанда:

брутто салмағы қоса алғанда бес тоннаға дейін әр контейнер үшін он бес процент;
брутто салмағы қоса алғанда бес тоннадан он тоннаға дейін әр контейнер үшін отыз процент;

брутто салмағы он тоннадан артық әр контейнер үшін алпыс процент;

2) жүкті рефрижератор вагондардан, транспортерлардан басқа вагондарда тасымалдаған кезде - әр вагон үшін бір жүз елу процент;

3) рефрижератор вагондарда, транспортерларда тасымалдаған кезде - әр вагон, транспортер үшін екі жүз тоқсан процент.

2. Жүкті (вагондармен ғана тасымалдау белгіленген) тар табанды теміржол желілерімен тасымалдаған кезде - осы баптың 1-тармағында көзделген айыппұлдардың елу проценті мөлшерінде мүліктік жауапкершілікте болады.

3. Жүк тасымалдау өтінімін орындамағаны үшін айыппұл вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемге қарамастан алынады.

3-1. Жүк жөнелтуші тасымалдаушыны вагондардың (контейнерлердің) пайдаланылмағаны туралы тиеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын ескерткен жағдайда айыппұл сомасы үштен бір бөлігіне азайтылады.

4. Тасымалдаушының қабылданған өтінімге сәйкес жылжымалы құрамның берілмегені үшін айыппұл төлеуі оны жылжымалы құрамды беру жөніндегі одан әрі атқаратын міндеттемелерден босатпайды. Жылжымалы құрам жүк жөнелтушімен келісілген ұзартылған мерзімде берілмеген жағдайда, егер тасымалдаушы жылжымалы құрамның берілмеуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдемесе, тасымалдаушы тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 5 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.

Ескерту. 77-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.07.09 № 596, 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

78-бап. Вагондар мен контейнерлерді өз бетімен иеленіп алғаны, бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы, жүк жөнелтуші, жүк алушы, сондай-ақ басқа да тұлғалар өздеріне тиесілі емес вагондарды, контейнерлерді өздерінің тасымалдары, жүктерін сақтауы үшін пайдалануға, сондай-ақ олардың иелерінің рұқсатынсыз, егер бұл тиісті шарттарда көзделмесе, тиеу үшін пайдалануға құқығы жоқ.

2. Мұндай талапты сақтамағаны үшін кінәлі тарап вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін ақы төлеумен қатар көлік құралдары иесінің алдында вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төленетін ақы мөлшеріндегі айыппұл түрінде мүліктік жауапкершілікте болады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген айыппұлды төлеу кінәлі тарапты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген иеленуші алдындағы мүліктік жауапкершіліктен босатпайды.

79-бап. Жүкті жеткізіп беру мерзімдерін бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Жүкті жеткізіп беру мерзімінің өтіп кеткен әрбір тәулігіне жолдың теміржол бөлігі үшін, егер тасымалдаушы мерзімнің өтіп кеткені өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жүк алушыға теміржол көлігімен тасымалдағаны үшін тасымал

төлемінің бес пайызы мөлшерінде, бірақ тасымал төлемінің елу пайызынан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

2. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, экспедитор Қазақстан Республикасы заңнамасының тауарлар экспортына, импортына, транзитіне арналған құжаттарды ресімдеу жөніндегі талаптарын мемлекеттік кіріс органдарының, шекаралық немесе басқа да түрдегі бақылау органдарының вагондар мен контейнерлерді кідіртп қоюына әкеп соғатындай етіп бұзғаны үшін тасымалдаушының пайдасына вагондарды, контейнерлерді пайдалану ақысы мөлшерінде айыппұл алынады.

Ескерту. 79-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.10.2015 № 363-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

79-1-бап. Жүкті уақтылы түсірмегені (босатпағаны) үшін жауапкершілік

Жүк алушылар жүктерді уақтылы түсірмеген (босатпаған) кезде тасымалдаушы вагондар айналымының технологиялық мерзімінен және жүктерді түсіру (босату) мерзімдерінен (технологиялық уақытынан) тыс жиырма төрт сағаттан артық кідірілген вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемақыны арттырады, бірақ он еседен аспайтын көлемде арттырады.

Осы төлемді алу кезінде осы Заңның 49-бабы 2-тармағының нормасы қолданылмайды.

Ескерту. Заң 79-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

80-бап. Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды жеткізіп беру мерзімдерінің бұзылғаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушы багажды, жүк-багажды жеткізіп беру мерзімінің өтіп кеткен әр тәулігі үшін жолаушыға, алушыға, егер мерзімнің өтіп кетуі өзінің кінәсінен болмағанын дәлелдей алмаса, жол жүру ақысының он проценті мөлшерінде, бірақ жол жүру ақысының елу процентінен аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

Жеткізіп беру мерзімінің өтіп кетуі багаж, жүк-багаж жеткізілуге тиіс тәуліктегі сағат жиырма төрттен бастап есептеледі.

2. Багажды, жүк-багажды жеткізіп беру мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл төлеу тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушының, алушының өтініші бойынша жалпы нысандағы актінің негізінде жүргізіледі.

3. Жолаушылар тасымалдайтын жолаушы поезының жөнелтілуін кідірткені, сондай-ақ баратын теміржол станциясына кешігіп келгені үшін тасымалдаушы, егер кідіру немесе кешігу тежеусіз күштің салдарынан болғанын дәлелдей алмаса, жолаушының шеккен залалын өтей отырып, оған кешіккен әр сағат үшін жол жүру құжаты (билеті) құнының үш проценті мөлшерінде айыппұл төлейді.

Өндіріп алынған айыппұлдың сомасы жол жүру құжатының (билеттің) құнынан аспауға тиіс.

Жолаушы поезының кешіккені үшін айыппұл төлеу тасымалдау ережелеріне сәйкес жолаушының өтініші бойынша жүргізіледі.

81-бап. Багажды, жүкті, жүк-багажды тасымалдау шарттарын бұзып тасымалдауға ұсынғаны үшін жауапкершілік

1. Теміржол көлігі жүкқұжатында жүктің атауын, оның ерекше қасиеттерін немесе қажетті алдын ала сақтық шараларын дұрыс көрсетпегені, сондай-ақ тасымалдауға тыйым салынған жүкті жөнелткені үшін жүк жөнелтушіден тасымалдаушының пайдасына осы жағдай салдарынан келтірілген шығындарды өтеумен қатар, тасымалдау құнының бес есе мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

2. Багажды, жүк-багажды жөнелтуші тасымалдауға тыйым салынған багажды, жүк-багажды тасымалдағаны үшін тасымалдаушы алдында тасымалдау құнының бес есе мөлшеріндегі айыппұл түрінде жауапты болады, ал Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайларда әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тартылады.

82-бап. Вагонға, контейнерге артық жүк тиегені үшін жауапкершілік

Вагонға, контейнерге жүк көтерімділігінен (сыйымдылығынан) артық жүк тиегені үшін жүк жөнелтушіден тасымалдаушының пайдасына келтірілген залалдарды өтеумен қатар, тасымал ақысының елу проценті мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

Ескерту. 82-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 596 Заңымен.

83-бап. Вагондарды, контейнерлерді жүктітүсіргеннен кейін тазаламағаны үшін жауапкершілік

1. Тасымалдаушының тазаланбаған вагонды, контейнерді қабылдаудан бас тартуға құқығы бар. Вагонның, контейнердің тазалауда тұрған уақытына жүк алушы тасымалдаушыға пайдаланғаны үшін ақы төлейді.

2. Вагонды, контейнерді тазалаудан бас тартқаны үшін жүк алушыдан тасымалдаушының пайдасына тазалау жөніндегі жұмыстардың екі еселеген құны мөлшерінде айыппұл және тасымалдаушының вагонды, контейнерді тазалау орнына жеткізу жөніндегі шығыстары өндіріп алынады.

Ескерту. 83-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

84-бап. Жылжымалы құрамды, контейнерлерді, түсіретін тасымалдау құралдарын бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін жауапкершілік

Жылжымалы құрамды, контейнерлерді, түсіретін тасымалдау және пакеттеу құралдарын бұзғаны немесе жоғалтқаны үшін кінәлі тараптан меншік иесінің (иеленушінің) пайдасына жоғалған мүліктің немесе қажетті жөндеудің құны, сондай-ақ жоғалған мүлік немесе қажетті жөндеу құнының елу проценті мөлшерінде айыппұл өндіріп алынады.

85-бап. Вагондарды кірме жолдарға беруді-алып кетуді кешіктіргені үшін жауапкершілік

Ескерту. 85-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 05.05.2017 № 59-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Вагондарды беру-алып кету, кірме жолдарды пайдалану шарттары бойынша тасымалдаушы теміржолдардың кірме жолдарындағы тиеу және түсіру (жүктен босату) орындарына (орындарынан) вагондарды беруді-алып кетуді, қабылдауды кешіктіргені үшін әр вагонға сағатына айлық есептік көрсеткіш шамасының 1,7 пайызы мөлшерінде айыппұл төлеу түрінде жауаптылықта болады.

Айыппұл аталған шарттарда көзделген вагондарды беру-алып кету мерзімін бұзған кезден бастап кешіктірілген бүкіл уақытқа есептеледі.

2. Вагондарды отыз минуттан аз уақытқа кешіктіру есепке алынбайды. Вагондарды отыз минуттан бір сағатқа дейінгі мерзімге кешіктіру толық бір сағатқа есептеледі.

Ескерту. 85-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.05.2017 № 59-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

86-бап. Жауапкершіліктен босату

1. Тараптар тасымалдау шартынан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген негіздер бойынша жауапкершіліктен босатылуы мүмкін.

2. Егер міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау:

1) еңсерілмейтін күштің, сондай-ақ әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың;

2) әскери іс-қимылдың, төтенше жағдай енгізудің;

3) осы Заңда белгіленген тәртіппен жарияланған жүк тасымалын, поездардың жүруін тоқтатудың немесе шектеудің салдарынан болса, тараптар жауапкершіліктен босатылады.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

87-бап. Тасымалдаушыны жауапкершіліктен босату

1. Тасымалдаушы осы Заңның 86-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздерден басқа мынадай:

1) жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының), экспедитордың кінәсінен міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған;

2) онкүндіктің жекелеген күндерінде вагондарды, контейнерлерді бермеудің орнын осы күнтізбелік онкүндік ішінде жүк жіберушінің келісімі бойынша толтырған;

3) вагондар мен контейнерлерді беру осы Заңның 47-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған немесе жүктердің жөнелтілуі кідірілген;

4) жүк алушының жүкті дер кезінде түсірмеуі және алып кетпеуі салдарынан жүк бұзылған (бүлінген);

5) багаж, жүк, жүк-багаж жөнелтуші (жүк жөнелтуші) бекіткен ақаусыз бекіту-пломбалау құрылғылары бар ақаусыз вагонда, контейнерде не ақаусыз жылжымалы құрамда жолшыбай ауыстырып тиелмей, ақаусыз қорғаныш таңбамен немесе дұрыс байламмен келген, сондай-ақ багаждың, жүктің, жүк-багаждың сақталғандығын куәландыратын басқа да белгілері болған;

6) жүк ерекше табиғи қасиеттеріне байланысты, сондай-ақ оны тасымалдау құжаттарында тасымалдау немесе сақтау кезінде ерекше жағдайды немесе алдын ала сақтандыру шараларын қажет ететін ерекше қасиеттерін көрсетпей тапсыру салдарынан сақталмаған;

7) егер тиеу немесе түсіру (жүктен босату) жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының құралдарымен жүргізіліп, жүк жабық вагонға, контейнерге тиелген, түсірілген (жүктен босатылған);

8) жүк ашық жылжымалы құраммен тасымалдануына байланысты табиғи себептердің салдарынан сақталмаған;

9) жүк жүк жөнелтушінің немесе жүк алушының жолсерігінің жолбасшылығымен тасымалданған;

10) жүк жөнелтуші теміржол көлігі жүкқұжатында көрсеткен мәліметтер қате, дәл емес немесе толық емес болған;

11) жүк салмағындағы табиғи азаю, ылғалдылықтың төмендеу нормалары шегіндегі айырмашылық және таразылар көрсетуіндегі нормалардың алшақтауы, сондай-ақ жүк тасымалдаушының қатысуынсыз жүк жөнелтуші белгілеген салмақ бойынша тасымалдауға қабылданған жүк салмағында айырмашылық болған;

12) тез бүлінетін жүк тасымалдаудың шекті мерзімі және температуралық режим сақталған кезде бүлінген;

13) көлік ыдысының немесе олардың қасиеттерінің көзге көрінбейтін кемшіліктерінен багаж, жүк, жүк-багаж сақталмаған;

14) тығыздап тиеу нәтижесінде вагондардың, контейнерлердің санын өтінімде көзделген мөлшерден аз пайдаланған жағдайларда жауаптылықтан босатылады.

2. Тасымалдаушының кінәсінен багаждың бүліну жағдайларын қоспағанда, жолаушы қол жүгі ретінде өзімен бірге алып жүретін багаждың сақталуына тасымалдаушы жауапты болмайды.

Ескерту. 87-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 363-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

88-бап. Жүк жөнелтушіні, жүк алушыны жауапкершіліктен босату

Жүк жөнелтуші немесе жүк алушы, оның ішінде әскери тасымалдарды орындау кезінде, осы Заңның 86-бабының 2-тармағында көрсетілген негіздерден басқа, мынадай :

- 1) өзінің алдын ала келісімінсіз берілген вагондар, контейнерлер пайдаланылмаған;
- 2) онкүндіктің жекелеген күндерінде жүктің жол берілген кем тиелуін осы күнтізбелік онкүндік ішінде тасымалдаушының келісімімен толтырған;
- 3) тығыздап тиеу нәтижесінде вагондарды, контейнерлерді өтінімде көзделген мөлшерден аз пайдаланған;
- 4) тасымалдаушыны вагондарды, контейнерлерді пайдаланбайтыны туралы – тиейтін күнге дейін кемінде жеті тәулік бұрын, ал әскери тасымалдар бойынша тиейтін күні хабардар еткен жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.

Ескерту. 88-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-1-тарау. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру

Ескерту. 10-1-тараумен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен. Тақырыпқа өзгерту

енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

88-1-бап. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылаудың мәні мен мақсаты

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау (бұдан әрі – көліктік бақылау) теміржол көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын жеке және заңды тұлғалардың сақтауына, оларды бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу бойынша шаралар қабылдау үшін жүргізіледі.

2. Көліктік бақылауды жүргізудің мақсаты Қазақстан Республикасының теміржол көлігі саласындағы заңнамасының теміржол көлігін қауіпсіз пайдалану және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарын сақтау болып табылады.

3. Уәкілетті орган орталық және жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасады, бірлескен бақылау шараларын қабылдайды, өзара ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік органдар уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теміржол көлігі саласында қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне көліктік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттерді орындауда жәрдемдесуге міндетті.

Тасымалдау процесіне қатысушылар және жылжымалы теміржол составының иелері жылжымалы теміржол составына, сондай-ақ магистральдық, станциялық, кірме жолдарға жүргізілген жоспарлы жөндеу туралы ақпаратты Теміржол көлігін техникалық пайдалану қағидаларында белгіленген нысан бойынша жөндеу аяқталған кезден бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

Ескерту. 88-1-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.04.2016 № 494-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

88-2-бап. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Теміржол көлігі саласындағы мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 88-2-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

88-3-бап. Тексеру жүргізу мерзімдері

Ескерту. 88-3-бап алып тасталды - 2009.07.17. № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

88-4-бап. Уәкілетті органның құқықтары

Уәкілетті орган алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін:

1) жеке және заңды тұлғалардан уәкілетті органның құзыретіне кіретін барлық мәселелер бойынша қажетті ақпараттар, материалдар, анықтамалық деректер сұратуға;

2) теміржол көлігінде тасымалдау және басқа да қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың қызметін, оның ішінде бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен аспаптарын қолдана отырып, олардың:

теміржол желісінің станциялық және магистралдық жолдар мен теміржолдағы кірме жолдарды күтіп-ұстауды;

жылжымалы құрамды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

белгіленген жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және пошта жөнелтілімдерін теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын, сондай-ақ жүктерді теміржол көлігімен тасымалдау қағидаларын;

теміржол көлігінде жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық құралдарды күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді;

жасанды құрылыстарды, сондай-ақ теміржол өткелдерін күтіп-ұстауды, пайдалануды және жөндеуді сақтау бөлігінде тексеруге;

3) (алып тасталды - 2007.07.27. № 316 ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4) өз құзыреті шегінде тексерулердің нәтижелері бойынша актілер жасауға және Қазақстан Республикасының теміржол көлігі туралы заңнамасының, теміржол көлігінің жұмыс істеу тәртібін айқындайтын стандарттау жөніндегі құжаттардың және нормалардың анықталған бұзушылықтарын жою туралы нұсқама енгізуге;

4-1) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен уәкілетті органның лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар және әрекеттер жасау фактілерін тіркеп алу үшін техникалық құралдарды пайдалануға;

5) хаттамалар толтыруға, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;

6) алып тасталды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

7) өз құзыреті шегінде заңды тұлғаға тиесілі аумақты, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті қарап шығуға, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруге;

8) уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша сараптамаларға қатысу үшін тиісті мамандарды тартуға;

9) мемлекеттік органдарға көлік оқиғаларының, көлікті пайдалану ережелерін бұзушылықтың алдын алу жөніндегі шаралар туралы ұсыныстар енгізуге;

10) жүру қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына жай-күйі сай келмейтін магистралдық теміржол желісінің, теміржолдар мен жылжымалы құрамның объектілерін, сондай-ақ жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде пайдалануды тоқтата тұруға және тоқтатуға;

11) жай-күйі жүру қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғаудың белгіленген талаптарына сай келетін магистральдық теміржол желісінің, теміржолдар мен жылжымалы құрамның объектілерін пайдалануды, сондай-ақ жолаушыларды, жүктерді және қауіпті жүктерді тасымалдауды қайта бастауға құқылы.

Ескерту. 88-4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 № 316 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2017 № 59-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.10.2018 № 184-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

88-5-бап. Актілердің нысандары

Тексеру жүргізуге, жүргізілген тексеру нәтижелерін ресімдеуге арналған актілердің, жүру қауіпсіздігін бұзушылық жағдайларын есепке алу жөніндегі қажетті есеп құжаттарының, анықталған бұзушылықты жоюға нұсқамалардың нысандарын уәкілетті орган белгілейді.

88-6-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды жүргізу тәртібі

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-тармақтың бірінші бөлігіне өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган ақпараттық жүйелер деректерін, сондай-ақ бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау негізінде жүзеге асырады.

Мыналар бақылау субъектілері болып табылады:

- 1) ұлттық инфрақұрылым операторы;
- 2) тасымалдаушылар;
- 3) вагондар операторлары;
- 4) локомотивтік тартқыш операторлары;
- 5) тармақ иеленушілері;
- 6) теміржол көлігінің көмекші қызметтері.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау субъектісіне беру және бақылау субъектісіне әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

Бақылау субъектілеріне бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салдарын жою мүмкін болатын бұзушылықтар бойынша ғана жүргізіледі.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бақылау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынымды ресімдейді және жібереді.

3. Ұсыным бақылау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

- 1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;
- 2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау субъектісінің электрондық мекенжайына уәкілетті орган жөнелткен күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

5. Бақылау субъектісі ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға ол табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу жолымен бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды тағайындауға алып келеді.

7. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты бармай профилактикалық бақылау жылына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Ескерту. 10-1-тарау 88-6-баппен толықтырылды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10-2-тарау. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру

Ескерту. Заң 10-2-тараумен толықтырылды - ҚР 19.04.2019 № 249-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

88-7-бап. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексерудің жалпы ережелері

1. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтар теміржол көлігіндегі жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарды тергеп-тексеру қағидаларында айқындалған тәртіппен міндетті тергеп-тексеруге жатады. Жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықтарға апаттар, авариялар, оқиғалар және оқыс оқиғалар жатады.

2. Тергеп-тексерудің мақсаттары себептерді және (немесе) ілеспе факторларды анықтау, жол жүрісі қауіпсіздігін бұзушылықты болашақта болғызбау және жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдарды әзірлеу болып табылады.

3. Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді уәкілетті орган құратын комиссия жүзеге асырады. Осы комиссияның құрамына уәкілетті органның лауазымды адамы болып табылатын тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің өкілдері, тасымалдау процесіне қатысушылар және мүдделі тұлғалар кіреді.

Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген жағдайларды қоспағанда, оқиғаларды және оқыс оқиғаларды тасымалдау процесіне қатысушылар тергеп-тексереді.

4. Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысы тергеп-тексеру жөніндегі уәкілдің төрағалық етуімен жүргізіледі.

5. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның жұмысын, оның ішінде олармен байланысты барлық аспектілерді жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғалар, сондай-ақ апаттар мен авариялар болған жерде ұйымдастырады және үйлестіреді.

6. Тергеп-тексеру жөніндегі уәкіл кәсіптік деңгейін ұстап тұру және біліктілігін арттыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімділікпен оқудан өтеді.

7. Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның сұрау салулары бойынша жүргізілетін тергеп-тексеруге қатысы бар ақпаратты және (немесе) құжаттаманы беруге міндетті.

8. Жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеруді жеке және басқа да мемлекеттік органдар жүргізетін басқа тергеп-тексеру түрлерінен бөлек жүргізеді.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында тікелей көзделген жағдайлардан басқа кезде, тергеп-тексеру жүргізу кезінде жолаушылар поезында жылжымалы құрамның рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның қызметіне жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, басқа да мемлекеттік органдардың араласуына жол берілмейді.

Ескерту. 88-7-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

88-8-бап. Жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссияның құқықтары мен міндеттері

Ескерту. 88-8-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия:

1) тергеп-тексеру жүргізудің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ тергеп-тексеруге қатысы бар дәлелдемелердің жоғалуын немесе өзгертілуін болғызбау үшін басқа да мемлекеттік органдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыруға;

2) жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиға, сондай-ақ апат және авария болған жерге, жылжымалы құрамды пайдаланумен байланысты барлық құжаттамаға, оған қызмет көрсетуге және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылған персоналға кедергісіз қолжетімділігі болуға, оқиға орындарын,

объектілер мен сынықтарды, қосалқы бөлшектерді және жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаның, сондай-ақ апаттың және аварияның туындауына себепші болған немесе ықпал етуі, әсер етуі мүмкін кез келген басқа да объектілерді қарап-тексеруді және одан әрі зерттеп-қарауды жүргізуге;

3) жылжымалы құрамдағы объективті бақылау аспаптарының немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысының деректерін, сондай-ақ жол жүрісіне қызмет көрсететін техникалық құралдардың жазбаларын іздеуді, қалпына келтіруді, шығарып алуды, оқуды және алынған деректердің сақталуына толық бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Объективті бақылау немесе ақпарат жеткізгіштің кез келген басқа да құрылғысы жазбаларын шығарып алу және оқу Қазақстан Республикасындағы тиісті құралдарды пайдалана отырып қандай да бір кідіріссіз жүргізілуге тиіс;

4) оқиғаны көргендерден, персоналдан және жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаға, сондай-ақ апатқа және аварияға қатысы бар басқа да адамдардан сұрауға, жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаның, сондай-ақ апаттың және аварияның себептерін және (немесе) ілеспе факторларды анықтау үшін қажетті зерттеулер мен сынақтар жүргізуді тағайындауға;

5) сарапшыларды жұмысқа тартуға, олардың жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаны, сондай-ақ апатты және аварияны тергеп-тексеруге қатысты есептерін сұратуға;

6) жылжымалы құрамның меншік иесімен келісу бойынша жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиға, сондай-ақ апат және авария болған жерге жүру жолындағы жолаушылар вагонында немесе локомотивте болуға құқылы.

2. Жолаушылар поезында вагондардың рельстен шығып кетуіне алып келген оқиғаларды, сондай-ақ апаттарды және аварияларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

Ескерту. 88-8-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 29.12.2022 № 174-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тарау. АКТІЛЕР, КІНӘ ҚОЮ, ТАЛАП ҚОЮ

89-бап. Кінә қоюдың шарттары мен тәртібі

1. Тасымалдаушыға тасымалдау шартынан туындайтын кінә қоюға жолаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының) құқығы бар.

Меншік құқығымен немесе өзге де заңды негіздерде вагондарға, контейнерлерге иелік ететін тұлға вагондар, контейнерлер жоғалған, бүлінген жағдайларда тасымалдаушыға кінә қоюға құқылы.

2. Жеке немесе заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тасымалдау шарты бойынша кінә қою құқығы бар тұлғалардың атынан кінә қоя алады.

3. Өтініш берушіде кінә қою құқығы бар екендігін куәландыратын құжаттар кінә қоюға қоса берілуге тиіс.

4. Өтініш берушінің талаптарын растайтын мына құжаттар түпнұсқа түрінде кінә қоюға қоса берілуге тиіс:

1) жолаушының өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талап қойылған жағдайда – жол жүру құжаты (билет) және жазатайым оқиға туралы акт ;

2) жолаушылар поезының жөнелтілуі кідірілген немесе ол кешігіп келген, жол жүргені үшін төлемді қайтару туралы талап қойылған жағдайда – жол жүру құжаты (билет);

3) багажды, жүк-багажды жоғалтқан, жеткізіп беру мерзімін бұзған, багажды, жүк багажды тасымалдағаны үшін тасымалдау ақысын қайтару туралы талап қойылған жағдайда – багаждың, жүк-багаждың түбіртегі;

4) багаж, жүк-багаж жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жағдайда – багаж, жүк-багаж түбіртегі мен коммерциялық акт;

5) жолаушыны, багажды, жүк-багажды тасымалдағаны үшін тариф дұрыс қолданылмаған, багаждың, жүк-багаждың салмағы қате анықталған, тасымалдау төлемдерін айқындау кезіндегі есептеуде қате жіберілген жағдайларда – жол жүру құжаты (билет), багаждың, жүк-багаждың түбіртегі;

6) жүк түгелдей жоғалған жағдайда – жүктің келіп түспегені туралы межелі станцияның белгісі қойылған жүкті қабылдау туралы түбіртек және жөнелтілген жүктің саны мен құнын растайтын құжат;

7) жүк жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жағдайда – теміржол көлігі жүкқұжаты, межелі станция берген коммерциялық акт және жөнелтілген, жетіспеген, бұзылған (бүлінген) жүктің саны мен құнын растайтын құжаттар.

Жүк жөнелтуші мен жүк алушы арасындағы есеп айырысу нормаланған және іс жүзіндегі ылғалдылық ескеріле отырып, жүргізілетін жүк жетіспеген жағдайда, кінә қоюға жүкті жөнелту және беру кезіндегі оның ылғалдылығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

Жүкті беру кезінде оның бағасын арзандату немесе сортын төмендету жүргізілген жүк бұзылған (бүлінген) жағдайда кінә қою актісіне сараптама актісі қоса беріледі;

8) жүкті жеткізіп беру мерзімдері бұзылған жағдайда – теміржол көлігі жүкқұжаты;

9) тариф артық төленген жағдайда – теміржол көлігі жүкқұжаты немесе жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек және төленгенін растайтын құжаттар;

10) тасымалдау орындалмаған жағдайда – тасымалдаушының жүкті қайтарғаны туралы белгісі қойылған жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек;

11) жүк тасымалдаумен байланысты алымдар мен айыппұлдар артық төленген жағдайда – олардың есептелгенін және төленгенін растайтын құжаттар;

12) тасымалдаушы заңды немесе жеке тұлғаларға тиесілі немесе олар жалға алған вагондарды, контейнерлерді жоғалтқан, зақымдаған жағдайда – межелі станциядағы тасымалдаушының вагондардың, контейнерлердің жеткізілмегені туралы белгісімен жүкті тасымалдауға қабылдау туралы түбіртек, техникалық паспорттар мен оларға меншік құқығын немесе жалға алынғанын растайтын құжаттар.

5. Бір кінә қоюда осы бапта көрсетілген әртүрлі жағдайлар бойынша талаптар біріктірілмеуі тиіс.

Жүктің жоғалғаны, жетіспеуі, бүлінгені немесе бұзылғаны үшін кінә қою әрбір жөнелтілім бойынша жеке қойылады.

Бір атаудағы, бір станцияда бір ғана жүк жөнелтуші бір межелі станцияға бір жүк алушының мекенжайына жөнелткен жүктер бойынша тасымалдауды ресімдеу кезінде тасымалдаушы олар бойынша бір коммерциялық акт жасаған жүк жөнелтілімдері тобы бойынша бір кінә қоюды ресімдеуге рұқсат етіледі.

Маршруттық немесе топтап тасымалданған жүктер бойынша кінә қою коммерциялық актіде көрсетілген вагондар санына қойылады.

Жүкті жеткізу мерзімі асып кеткен кезде олар бір тәулік ішінде келсе, бірнеше жүк жөнелтілімін бір кінә қоюда біріктіруге рұқсат етіледі.

Ескерту. 89-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

89-1-бап. Кінә қоюды ресімдеу

1. Кінә қоюда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) кінә қоюшы өтінім берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) немесе толық атауы, почталық деректемелері, оның жасалған күні;

2) олардың негізінде кінә қойылған мән-жайлар;

3) өтінім берушінің талаптары, кінә қойылған сома және оның есептеулері, банктік деректемелері;

4) кінә қоюға қоса берілетін құжаттардың, сондай-ақ басқа да дәлелдемелердің тізбесі.

2. Жеке тұлғадан түсетін кінә қоюға өтініш иесі өзінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін қоса бере отырып, қол қояды.

Заңды тұлғадан түсетін кінә қоюға ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам қол қояды және ол мөрмен куәландырылады.

Егер заңды тұлға жеке кәсіпкерлік субъектісі болып табылған жағдайда, құжаттарды мөрмен бекемдеу талап етілмейді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

3-тармаққа өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Жүк жөнелтушіге жүктің қабылданғаны туралы түбіртек және жүк алушыға жүкқұжат электрондық деректер алмасу жүйесі арқылы берілген жағдайда, өтініш беруші жөнелтілім нөмірін, жүктің тасымалдауға қабылданған күнін және тасымалдаушының ақпараттық жүйелеріндегі электрондық досьесінің тіркеу деректерін көрсетеді.

Ескерту. Заң 89-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 02.04.2019 № 241-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

90-бап. Кінә қоюдың мерзімдері

1. Тасымалдау шартынан туындайтын кінәні тасымалдаушыға талап қою мерзімі ішінде қоюға болады.

Кінә қою мерзімдері мыналарға қатысты:

1) багаждың, жүктің, жүк-багаждың жоғалғаны үшін шығынды өтеуге - жеткізіп беру мерзімі аяқталғаннан жеті тәулік өткеннен кейін;

2) багаждың, жүктің, жүк-багаждың жетіспеушілігі, бұзылғаны (бүлінгені), жеткізіп беру мерзімінің өтіп кеткені үшін шығынды өтеуге - берілген күннен бастап;

3) багаж, жүк, жүк-багаж тасымалына артық төленген тасымал төлемдерін қайтаруға - берілген күннен бастап;

4) багаж бен жүк-багажды жеткізіп беру мерзімі өтіп кетуіне - берілген күннен бастап;

5) жүк тасымалына қабылданған өтінімді орындамағаны үшін айыппұл өндіріп алуға - өтінімді орындау үшін тасымалдау ережелерінде белгіленген мерзім аяқталған соң есептеледі.

Өзге жағдайларда - талап қоюға негіз болған оқиға туындаған күннен бастап есептеледі.

1-1. Пochтамен жөнелту үшін кінә қою почтамен жөнелтілген күн немесе тасымалдаушының қолына берілген күн кінә қойылған күн болып есептеледі.

Егер кінә қоюды берудің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге дәл келсе, кінә қоюды берудің соңғы күні одан кейінгі жұмыс күні болып есептеледі.

2. Тасымалдаушы, егер кінә қою мерзімі өтіп кетуінің себебін дәлелді деп таныса, қойылған кінәні белгіленген мерзім өткеннен кейін де қарауға құқығы бар.

Ескерту. Заң 90-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

91-бап. Кінә қоюды қараудың тәртібі мен мерзімдері

1. Кінә қою ол алынған күннен бастап бір ай мерзімде қаралуға тиіс.

Қараудың нәтижесі туралы тасымалдаушы өтініш берушіні жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Кінә қоюға жауапта:

1) жауап берілетін кінә қоюшы өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) немесе толық атауы, почталық деректемелері, жауап берілетін кінә қоюдың күні;

2) кінә қою толық немесе ішінара танылған жағдайда, танылған сома және кінә қоюды қанағаттандыру тәсілі;

3) кінә қою толық немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, кінә қоюдан бас тартуды негіздейтін, тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сілтеме жасалып, бас тартудың дәлелдері;

4) жауапқа қоса берілген құжаттар мен өзге де дәлелдемелердің тізбесі көрсетіледі.

3. Кінә қою толық сомада қанағаттандырылған жағдайда өтініш беруші ұсынған құжаттарды тасымалдаушы қайтармайды.

Кінә қою толығымен немесе ішінара қабылданбаған жағдайда, өтініш берушіге кінә қоюға қоса берілген құжаттар, сондай-ақ егер өтініш берушіде олар жоқ болса, бас тартуды негіздейтін құжаттар жіберілуге тиіс.

4. Егер өтініш беруші берген кінә қою осы Заңның талаптары бұзылып ресімделсе, онда осындай кінә қою қайтарудың себептері көрсетіліп, тасымалдаушыға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмей өтініш берушіге қайтарылады. Осындай кінә қоюды қайтару оны қанағаттандырудан бас тарту болып табылмайды.

5. Жүк жоғалған және бүлінген жағдайда кінә қоюды қанағаттандыру кезінде өтелуі тиіс сома оның сатушының шотында көрсетілген немесе шартта көзделген бағасы, ал шот болмаған немесе шартта баға көрсетілмеген кезде – салыстырмалы мән-жайлар кезінде әдетте осыған ұқсас тауарлар үшін алынатын баға негізге алынып айқындалады.

Тасымалдаушы залалды өтеумен қатар, жоғалған, жетіспейтін, бүлінген немесе зақымдалған жүктің тасымалданғаны үшін өндіріп алынған тасымалдау төлемақысын, егер осы төлемақы жүктің құнына енгізілмеген болса, қайтарады.

Егер жүк тасымалдауға оның құны жарияланып тапсырылса, онда ол жоғалған жағдайда, тасымалдаушы залалды – жарияланған құны мөлшерінде, ал ішінара жоғалған жағдайда – жүктің жоғалған бөлігіне барабар құнының мөлшерінде өтейді.

6. Егер кінә қоюды қарау кезінде жүктің мекенжайы ауыстырылса, не жүк жөнелтушінің немесе бастапқы жүк алушының өтініші бойынша басқа жүк алушыға

берілсе, кінә қою оған жүк берілген жүк алушыны немесе оның өтініші бойынша жүктің мекенжайы ауыстырылған немесе жүк берілген тұлға көрсетіліп, қайтарылады.

Ескерту. 91-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2013 № 132-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

92-бап. Актілер

1. Тасымалдарды жүзеге асырған кезде тасымалдаушының, жөнелтушінің (жүк жөнелтушінің), алушының (жүк алушының), экспедитордың немесе жолаушының мүліктік жауапкершілігі үшін негіз болатын мән-жайлар коммерциялық актілермен немесе жалпы нысандағы актілермен куәландырылады.

Коммерциялық актінің және жалпы нысандағы актінің нысандары, сондай-ақ оларды жасау ережелері тасымалдау ережелерімен белгіленеді.

2. Тасымалдаушы багажды, жүкті, жүк-багажды берген кезде мына мән-жайларды:

1) нақты атауының, сондай-ақ салмағы мен орын санының тасымалдау құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеуін;

2) бұзылуын (бүлінуін);

3) тасымалдау құжаты жоқ багажды, жүкті не жүк-багажды немесе багажсыз, жүксіз не жүк-багажсыз тасымалдау құжатын тапқанын;

4) тасымалдаушыға ұрланған багажды, жүкті немесе жүк-багажды қайтарғанын;

5) жүк беру туралы құжаттарды ресімдегеннен кейін жиырма төрт сағат ішінде тасымалдаушының түсіретін (жүктен босататын) орынға жүкті бермегенін куәландыру үшін коммерциялық акт жасауға міндетті. Бұл жағдайда коммерциялық акт жүк алушының талабы бойынша ғана жасалады;

6) багажды, жүкті немесе жүк-багажды өткізуге бергенін куәландыру үшін коммерциялық акт жасауға міндетті.

Тасымалдаушы тасымалдау құжаттарына коммерциялық акт жасалғандығы туралы белгі соғуға міндетті.

3. Жалпы нысандағы актілер осы баптың 2-тармағында көзделмеген мән-жайларды куәландыру үшін жасалады.

4. Актіні жасауға қатысатын тараптардың оған қол қоюдан бас тартуға құқығы жоқ. Актінің мазмұнымен келіспеген жағдайда тараптардың онда өз пікірлерін жазуға құқығы бар.

5. Дұрыс емес ақпараты бар коммерциялық актіні жасаған немесе оған қол қойған адамдар Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 92-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. № 596 Заңымен.

93-бап. Талап қою мерзімі

1. Тасымалдаушыға тасымалдаудан туындайтын талап қою ол кінә қоюды қанағаттандырудан толық не ішінара бас тартқан жағдайда немесе тасымалдаушыдан қойылған кінәға оны қарау мерзімі өткен соң жауап алынбаған жағдайда жасалуы мүмкін.

2. Жүк, почта жөнелтілімдерін тасымалдау шарты бойынша талап қою мерзімі - бір жыл, жолаушыны, багажды, жүк-багажды тасымалдау шарты бойынша - алты ай.

3. Талап қою мерзімі талап қоюға негіз болған оқиға орын алғаннан кейінгі келесі күннен басталады.

Ескерту. 93-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

94-бап. Ақпарат, қызметтік іс қағаздарын жүргізу және байланыс

1. Тасымалдаушы жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) тасымалдау жөнінде көрсетілетін қызметтер туралы қажетті және дұрыс ақпарат беруге міндетті.

Теміржол станцияларында, вокзалдарда, пойыздарда және жолаушыларға, жөнелтушілерге (жүк жөнелтушілерге), алушыларға (жүк алушыларға) қызмет көрсетілетін басқа да орындарда ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, қажет болған кезде басқа тілдерде де беріледі.

Ақпарат мәтіні "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Жолаушылар, багаж, жүк, жүк-багаж тасымалдау құнын өзгерту туралы мәліметтер оларды енгізуден кем дегенде он күн бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

3. Теміржол көлігінде қызметтік іс жүргізу мен байланыс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Поездар қозғалысын жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган бекіткен терминдер пайдаланылады.

4. Теміржол көлігіндегі тасымалдау құжаттары және халықаралық хабарлар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының нормаларымен белгіленген тілдерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 94-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 94-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

94-1-бап. Есепке алу және есептілік

Локомотивтік тартқыштың, вагондардың, контейнерлердің операторлары және тасымалдаушылар жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы уәкілетті орган белгілеген есепке алу және есептілікті ұсыну тәртібін сақтауға міндетті.

Ескерту. Заң 94-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.28 № 369-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

95-бап. Теміржол көлігіндегі есепке алу-есеп беру уақыты

1. Теміржол көлігінде уәкілетті орган белгілейтін бірыңғай есепке алу-есеп беру уақыты қолданылады.

2. Халықаралық қатынаста есепке алу-есеп беру уақыты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен белгіленеді.

96-бап. Осы Заңды қолдану тәртібі

Осы Заң оны қолданысқа енгізгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады. Осы Заңды қолданысқа енгізгенге дейін туындаған құқықтық қатынастар бойынша Заң өзі қолданысқа енгізілгеннен кейін туындайтын құқықтар мен міндеттемелерге қолданылады.

97-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізуге байланысты заңдарды қолдану

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған теміржол көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*